Контент - анализ газетных заголовков, отражающих языковую ориентацию казахского народа, таких, как: «Тәуекел түбі – тіл үйрену» (Ана тілі, 1999); «Орақ ауыз, от тілді шешендер» (Жас алаш, 1991); «Тіл қылыштан өткір» (Ана тілі, 1991); «Піл көтермегенді, тіл көтереді» (Ана тілі, 1995); «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» (Ана тілі, 1998); «Тіл тағдыры – ел тағдыры» (Егемен Қазақстан, 1988); «Ана тіліне араша болайық» (Ана тілі, 1999); «Ең бірінші бақытым – тілім менің» (Ана тілі, 1992); «Көкірегеннің сәулесі – ана тілің» (Егемен Қазақстан, 1998); «Арты тұлан, алды сақылау, қайран тіл» (Ана тілі, 1991); «Тіл өлгенді де тірілтеді» (Ана тілі, 1992); «Тілімнен жаным садаға» (Егемен Қазақстан, 1998); «Болашақ қазақ тілінде» (Ана тілі, 1998) позволяет раскрыть латентное, скрытое содержание коммуникации, заключенной в заголовках. По словам А.Н.Алексеева, В.А.Владыкина, В.С.Дудченко контент – анализ позволяет выявить скрытые мотивы коммуникаторов или авторов, социальные характеристики адресата [5, с.23-29].

В данном случае газетные заголовки – это автопрецеденты, представляющие в сознании автора национально-прецедентные феномены, несущие в себе национальную идею: возрождение языка приведет к возрождению этноса, ибо этнос и его языка тесно взаимосвязаны. Язык – это средство этноценностного выражения и символ этноса. В переломные эпохи, например, как наша, символ языка является символом независимости государства, духовным знаменем этноса. И такое понятие входит в когнитивное пространство казахского этноса.

Газетные заголовки выполняют разнообразные функции: коммуникативную, прагматическую, прогнозируемую [6]. При проведении контент-анализа газетных заголовков мы акцентировали внимание на их прагматических функциях. Прагматическая функция газетных заголовков заключается не только в том, чтобы сообщить читателю некоторую информацию, а в том, чтобы воздействовать на него, убедить, что именно язык является этноопределителем нации, выразителем его духа, призывают изучать родной язык, беречь и охранять его. Цель воздействия – внедрить и укреплять в сознании читателя ценностные ориентации по отношению к языку, ср.: «Ана тілің арың бұл» (Оңтүстік Қазақстан, 1998); «Ең бірінші бақытым – тілім менің» (Оңтүстік Қазақстан, 1998); «Тілсіз тіршіліктің құны жоқ» (Оңтүстік Қазақстан, 1998); Ана тілін арда емген (Ана тілі, 1998); Тілді қастерлеу, ізгілік

пен мәдениеттіліктің белгісі (Егемен Қазақстан, 1998); выразить тревогу по поводу судьбы родного языка, ср.: Ана тіліне араша болайық (Ана тілі, 1999); Ең таза бай тілдің тоқымын тіліп жүрген өзіміз (Ана тілі, 1998); Ортақ тіл жасау ма, әлде ортақ тіл табысу ма? (Ана тілі, 1998); Қадірің қандай, қазақ тілі (Жас алаш, 1995); «Қазақ тілі қаңғып жүр» (Егемен Қазақстан, 2000); «Тіл тағдырын табытқа тірмейік» (Жас алаш, 2000); и др.

При анализе степени идиоадаптации русских, проживающих в Казахстане, к культурному контексту казахского народа следует обратить внимание на то, что речь может идти о натурализации их в данном культурном контексте, но не о полной перестройке или замене ценностей, хотя имеются и отдельные факты проявления русскими этнического поведения, близкого к поведению казахов. Ср.: такие случаи, когда представитель русского этноса одинаково откликается и на русское (родное) имя и казахское, данное ему казахскими друзьями: «Атыңды Тимофей дедің білем? - деп Сағат тағы сұрақ қойды. - Я, Тимошка деуші еді құрбыларым. Қазақ жігіттері Темиреш дейтін. - Солай ма? Япырым - ау? - деп Сағат ойланып отырды да, - түсі орыс, аты қазақ» (Ғ.Сланов. Жанар тау, 35- б.).

Тесное соседское общение, проживание в одном селе, местности, межличностные контакты, совместное проведение обрядов, праздников зачастую приводит к тому, что некоторые традиции как бы становятся общими, так как в отношении их русские и казахи проявляют одинаковую этноценностную ориентацию, оценивая их с положительной или отрицательной стороны, стараются придерживаться их, например, празднование Наурыза, участие в тоях и отдаривание деньгами «Бет-ашар», участие в национальных казахских играх, поддержание обычаев и др., например: «Жігіттер, білесіңдер ме, білмейсіңдер ме, қазақ халқында ерулік беру дейтін ғұрып бар. Сырттан біреуі көшіп келсе, тіпті ауыл ішінде қоныс жаңартса да, малдарын сойып, қонақ асы беріп жатады. Осы күнде салт араласып кетті ғой, кезінде өзіме жасаған, сый-сипатты сендерге мен де көрсетейін деп келдім. Тұрған орнына тізеркей кетіп қолындағы шаруаға ұстайтын қара қалтасынан, ерулігін суырып ала бастады. - Мынауың тегін мырзалық емес. Қармаққа шортанның өзі ілінді. Тізгін менің қолымда, ауыздарыңа сақ болыңдар, - деп сыбырлады Сережа достарына» (М.Скакбаев. Ұят туралы аңыз, 285-б.). «Қазақ, орыс атам заманнан сыбай көрші болған. Көрші болған соң аталарымыздың күл шашысқанынан тізе түйістіріп қатар отырып, дәм татысқаны көп болғанға ұқсайды. Құда болып, қыз аласың, қыз берісу баяғыдан бар екен. Орысқа сіңіп кеткен қазақ, қазаққа сіңіп кеткен орыс аз болмас, сірә? Қазақ арасында орыс, құнан орыс деген рулар бар емес пе? (Ә.Сараев. Алтын арал, 89-б.).

Анализ вышеприведенных примеров, иллюстрирующих появление определенной этнической установки на реализацию элементов стереотипного поведения казахов и русских, проживающих в Казахстане показывает, что национальное сознание русских этой республики немного сложнее, чем у этнических русских – жителей России. Сложность структуры языкового сознания и национального сознания русских (казахстанцев) объясняется их

маргинальностью по отношению к национальной культуре казахского народа и готовностью к ее восприятию реализации идиоадаптационного этнического поведения. В условиях социальных изменений, на фоне кризиса ценностей в массовом сознании этнических русских России, безусловно, не могли не измениться частично стереотипы русских Казахстана, проживающих в Казахстане более 300 лет в тесном соседстве с казахами. В этническом поведении их по отношению к казахам преобладают не этническое предубеждение, а установка на доброжелательность, этническую симпатию, желание перенять положительное в национальном характере другого народа. Модальными качествами русских в Казахстане являются в первую очередь гостеприимство, доброта и ее проявление в отношении к другим людям, отзывчивость, терпимость. Вместе с тем, в постсоветский период, когда борьба республики вылилась в противостояние с центром и носила в той или иной мере антирусскую окраску, русское население в иноэтнической среде острее почувствовало ностальгию по исторической родине, испытало чувство самоидентификации с этническими русскими в России и с государством державным – Россией.

Анализ ситуаций позволяет нам выявить влияние казахского языкового сознания на русское языковое сознание. Черты русского менталитета как русского языкового сознания можно еще дополнительно выявить в результате анализа, а также сопоставительно-семасиологического исследования разработанного А.И.Гудавичусом [7].

Список использованной литературы:

1. Ильин, И.А. О русском национализме [Текст] / И.А. Ильин // О русском национализме: Что сулит миру расчленение России?: Сб. научн. трудов. — Новосибирск, 1991. — С. 26-27.
2. Радбиль, Т.Б. Основы изучения языкового менталитета: Учебн. пособие [Текст] / Т.Б. Радбиль. — 2-е изд., стереотипн. — М.:Флинта; Наука, 2012. — 328 с.
3. Арутюнова, Н.Д. От редактора: Вступительная статья [Текст] / Н.Д. Арутюнова // Логический анализ языка: Культурные концепты: Сб. научн. трудов / ИЯ АН СССР / Отв.ред. Н.Д. Арутюнова. — М.: Наука, 1991. — С. 3-5.
4. Малеча, Е.Ф. Уральские казахи и их диалект [Текст] / Е.Ф. Малеча / Учен.записи УГПИ - Т.3. - вып.11, 1956. — С.33-38.
5. Алексеев, А.Н., Владыкин, В.А., Дудченко, В.С. Некоторые проблемы контент-анализа массовой коммуникации [Текст] / А.Н. Алексеев, В.А. Владыкин, В.С. Дудченко // Проблемы контента анализа в социологии. - Новосибирск. 1970. — С.23-29.
6. Ихсангалиев, Г.К. Функционально-прагматический анализ заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм) [Текст] / Г.К. Ихсангалиев: Автореф... канд. дис. Алматы, 2000. - 28 с.

7. Гудавичус, А.Н. Принципы построения и содержания сопоставительной семасиологии (на материале русского и литовского языков [Текст] / А.Н. Гудавичус: Автореф.... докт. диссерт. - М.: Институт Языкознания АН СССР, 1990. - 50 с.

Абілдаева К.М.¹, Ниязова Г.Қ.¹
¹«Баишев Университеті» мекемесі

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МЕНТАЛДЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІ ҰЛТТЫҚ ҒАЛАМ БЕЙНЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ

Аннотация

Мақала қоғамдық-философиялық және лингвистикалық-философиялық құбылыстың ұлттық лингвистикалық сана-сезіміне арналған, социумның өмірінің барлық аспектілерін, оның ішінде руханият пен мәдениетті өзгертудің негізгі процестерін түсіну қажеттілігіне байланысты.

Кілт сөздер: *менталдылық ойлау, лингвистикалық, менталитет, әлем бейнесі, ұлттық лингвистикалық сана, өзін-өзі тану, этнос.*

Abildayeva K.M.¹, Niyazova G.K.¹
Baishev University

REPRESENTATION OF THE PHENOMENON MENTALITY IN THE NATIONAL PICTURE OF THE WORLD OF KAZAKHSTAN - BILINGUES

Annotation

The article is devoted to the socio-philosophical and linguistic-cultural analysis of the phenomenon of mentality in the national linguistic consciousness in connection with the need to understand the underlying processes of transformation of all aspects of social life in modern Kazakhstani society, including spirituality and culture.

Key words: *mentality, linguistic-cultural, mentality, picture of the world, national linguistic consciousness, self-identification, ethnos.*

МРНТИ 17.07.31

Амангазиева М.К.¹, Мұханбетжанов Н.М.¹
¹Баишев университеті

ЕСЕНБАЙ ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАПАСТА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАРЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХТАН СЫР ШЕРТУІ

Аннотация

Бұл мақалада Есенбай Дүйсенбайұлының қапаста жазылған хаттарын және шығармаларының тарихтан сыр шертуіне назар аудару. Сол арқылы Е.Дүйсенбайұлын шығармаларын халық арасына кеңінен тарату.

Кілт сөздер: *Е.Дүйсенбайұлы, тарих, жыр, шет ел әдебиеті, қапастағы хат.*

Есенбай Дүйсенбайұлының шығармаларын зерттей отырып қапаста жазылған хаттарын кездестіруге болады. Мысалы мына бір хатына көз жүгіртсек:

Қуаныш пен қайғы, зейнет пен бейнет, пен азапсияқты өмірдің күнгейі мен көлеңкесін қай пенде басынан өткермеген. Ал халыққа нәубет боп төнген қара құйындар қаншама. Қазан төңкерісінен кейінгі сталиндік зобалаңның қазақ жеріне әкелген қанды қырғын азабын да тарихтан жақсы білеміз. Соның бір айқын куәсі отызыншы, елуінші, сексенінші жылдардағы жаппай жазықсыз жазалау, атып-асу, бәле-жаламен игі жақсыларымызды Ит жеккенге айдап, темір торда телмірту еді ғой.

Бұл жинақта әр кезеңде ұлтжандылығы үшін ұсталғандардың үш ұрпағы қапаста жатып жазған жыр-хаттар бас қосып отыр. Түрмеде туған тегеурінді туындылардың бір ерекшелігі: қай ақын болса да тек өз қарақан басының қайғысын айтып қоймайды, ата жұрттың өткені мен әдет-салтын, елдігі мен бәсекесін аңсай еске алады. Сонымен қатар замана халі, қаскөйлік, әділеттің ақ жолын аяққа басқан қорлық-зомбылық, қысым өиянат жағдайын толғайды. Торығу емес, шырқыраған шындық түбінде жеңіп шығатынына деген шынайы сеніммен толғана ширығу бар.

Мұндай арман-үміт өз өмірін тергеуші алдында өлеңмен батыл өрнектелген Ығылман, Файзолла, Байдүкен толғауларынан да, торға түскен тотыдай қапаста отырып, халқым деп тебіренген Насихат, Закария, Пішән, Ахат және Асанбай Асқаров жырларынан да анық аңғарылса керек.

Жастайынан бар аңсары өлең болған Шахан Мусиннің ОН АЛТЫ ЖОЛ ӨЛЕҢІ үшін он сегіз жылға сотталуы, еркін ойларына бола Бүркіт Ысқақовтың ширек ғасыр еркінен айырылуы, кешегі боздақ Қайрат Рысқұлбековтың қайғылы қазасы ...бәрі-бәрі оралып соғып отырған озбырлықты әйгілемейме.

Бір сөзбен айтқан да, шерлі жылдар шежіресі ақтаңдақ ақиқатты алға тартып, оқырманның ойын оятарына сенеміз[1;6].

...Сыпыра жарау, Шортанбай-
Соққанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландар!-

деп Шәкерім атамыз пір тұтқан ескі ақындар мұрасын ел игілігіне айналдыру мұратында тындырылған шаруа қыруар. Әріге бармай-ақ, қазақ әдебиетінің керегесін тұтастай үш ғасырға кеңейткен Мұхтар Мағауиннің Қобыз сарыны атты тарихи зерттеунамасы (1964) мен Алдаспаны (1971) неге тұрады. Ерлікке барабар еңбек. Бұған профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің Ақындар поэзиясы (1982), Ғылым баспасынан шыққан 15-18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы (1982), Бес ғасыр жырлайды (Жазушы баспасы, 1989) секілді алуан жинақтарды және Бұқар бабамыздың Ана тілі газетінде (1990 жыл, 12 шілде) Пекин мұрағатынан табылған отыз алты толғауы Ақселеу Сейдімбековтің алғысөзімен жаряланғанын қоссақ, көңіл қоңылтасқай қоймас.

Солай десек те, ендігі жерде ең көкейкесті мәсел – ескі дүниелерді салмақтап жатпай-ақ, ешбір салғастырусыз, әйтеуір жарялай беру емес, шалғай заманалар түссірген шаң-тозаңнан, қилы-қилы қисынсыз жаңылыс-жансақтықтардан тазартып, ұрпаққа асыл қалпында ұсыну ғой. Осы орайда ойланар гәп баршылық. Әсіресе, бабалар мұрасы тұрғысында байыпты текіснамалық жұмыс байқалмайды. Бір өнерпаздың белгілі бір шығармасының өзі құрама жинақтарда қырық құбылып жүреді. Кітап құрастырушының міндеті қолжазбалар қорындағыны көшіріп бере салумен бітпейтініне көз жетті. Бұрыннан бардың уақыт озған сайын толыға, мольға түсетіні өз алдына, әуелі текіске түзетулер жасалуы, әр түрлі себеппен кеткен қателерден арылуы заңды. (М.Мағауин. Ғасырлар бедері). Әттең, әдебиет институты тарапынан бұл төңіректе жүзеге аса қойған жүйелі түрдегі ғылыми зерделеу ісі тым жқтаң. Бұқар жыраудың бая-аяғы екі баспа табақтай азғана мұрасын текіснамалық кемшіліктерден әлі күнге арылта алмау соған дәлел. Басқаны айтпағанда, есімінің өзі біресе Бұқар (Бес ғасыр жырлайды) біресе Бұхар (Қазақ совет энциклопедиясы) деп екі түрлі жазылуын қалай ұғамыз? Бір тоқтамға келетін бәтуа қайда?!

Біздің қолжазба әзірлеушіміз баба ақынның толғауларындағы дүдәмал, күмәнді, ой жүйесімен сәйкеспейтін жекелеген сөздер мен тіркестерді, кейбір тұтас жолдарды басқа басылымдармен салғастыру арқылы тексеріп алмай, 15-18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы атты академиялық жинақтан көшіріп әкеле салғанға ұқсайды [2; 160].

Жомарттық қонаққа пайда, малға қас,

Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас.

Өтірік сөз о да пайда, имаға қас,

Өткір пышақ қолға пайда, қынға қас.

Жалғыз шумақ нақылдағы жансақтық қаншама?! Өткір сөз о да пайда емес, түп төркіні- дауға пайда екенін М.Мағауин аталмыш кітап туралы сынамасында көз жеткізе бағамдаған еді. Құрастырушы құлақ аспағаны-ау. Біздіңше, ең соңғы Қынға қас тақисынсыз. Кәдімгі қара сөзге көшірсек, Өткір пышақ қынның *обалына қалады*, деу миға сіңбейді. Ақынның айтпағы- қынға емес қанға қас. Яғни Өткір пышық қанға қас. Сонда малға-жанға-қанға боп ұйқасымыда үйлесім табады.

Ал Алла деген ар болмас деп басталатын өсиетнама барлық басылымда бар. Ойланайықшы, Бұқардай Алла жолын тұтқан абыз адамның аузынан дін мұсылман заманда имандылықтан бездірердей уағыз шығуы ақылға қона қоярма? Бақсақ, Пекин нұсқасында: Алла жарылқаған зар болмас екен. Сондықтан да ұлы жырау аталмыш туындының жалғасындай және бір толғамында: Құдай тағалам өзі берер несіпті демейтін бе ді?! Мәшһүр Жүсіп те солай екен деп, ешбір жобаға соқпайтын жолсыз жансқтықты қайталай бергеннен кімге пайда?! Текіснама дегеніңіз біреудің айтуынша хатқа түсірілген нұсқадан, қисынға келмеседе, айнымай тарта беру емес шығар? Жатқа жырлаушы жадынан жаңылысып кетуі, жазып алушының жаңсақ басуы, баспахана кінәсінен, баспа тарапынан, құрастырушы салғыттығынан қате жіберілуі әбден мүмкін ғой. Мұндайда өзара салғастыру, ақындық ерекшелік, ой жүйесі дегендерге ден қою, заманы үндес, рухы сарындас тұлғалар өнернамасына үңілу, өлең шумақтары, көріктеу әдісі, кейде тұтас толғамдар бір-бірімен араласын-құраласып жүре беретін жыраулық поэзия дәстүріне сүйену ләзім [3; 272].

Академиялық басылымға жүгінсек, Бұқаркең Абылайға былай дейді:

Жиырма жасқа келгенде,
Оны да көрген жайым бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің...

Сонда Абылай анадан жиырма жасында туған болып шығады ғой... Ал Абылайға сөйлеп отырып, аяқ астынан Бөгенбайды сөге кететін бес жолдық қаратпа да (Бес ғасыр) бұл толғауға қырық қайнаса сорпа қосылмайды.

Немесе, адам баласының кезеңін таратып толғайтын шумақтарға назар аударыңыз:

Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.
(Бес ғасыр жырлайды)
Балалық он жасыңыз
Балғын өскен құрақтай.
Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.
(Пекин нұсқасы)

Соңғысы он жастан басталған. Басқа айрмашылық аз. Бірақ көңілге еріксіз күдік ұялайды: жарға ойнаған лаққа теңеу орда бұзар отыздың салмағын тым жеңілдетіп жібермей ме? Шал ақынның:

Он бестегі жасым-ай
Жарға ойнаған лақтай...
...Отыз деген жасым-ай

Таудан аққан бұлақтай,-
деген жолдары еске түседі. Егер ақындық болмыс-бітім, жырлау ерекшелігі, ой жүйесі іспетті қасиеттеріне тереңірек бойлай байыптасақ, Шалға телініп жүрген осы өлеңнен Бұқар рухы мен мұңдалап тұр-ау! Көп өзгешелік көрінбейді.

Бес ғасырда қырық-ерттеп қойған құр аттай, ал Пекин нұсқасында-ерттеулі тұрған құр аттай. Ерттеп қойған мен ерттеулі тұрғанның арасында мән-мағыналық едәуір айырма бар. Соңғысы салмақтылау.

Енді елуге келейік: Мәшһүр Жүсіпте-Ол да бір көшкен ел екен, Пекин нұсқасында- Ол да бір үлкен бел екен. Әрі қарай алпыс: Қайғылы, мұңды күн екен (Бес ғасыр жырлайды), Қайғылы, мұңды шөл екен (Пекин нұсқасы). Алғашқысынан гөрі кейінгісі қисындырақ. Бірақ алпысты қайғылы, мұңды күнге де, шөлді күнге де баламалау Бұқардың мәнері емес. Сондықтан тағыда Шал ақынға жүгінеміз:

Алпыстағы жасыңыз

Күзгі соққан жел екен...

(Х.Сүйіншәлиев. Ақындар поэзиясы).

Сондда:

Елу деген жасыңыз

Ол да бір үлкен бел екен.

Алпыс деген жасыңыз

Күзгі соққан жел екен.

Байқасаңыз, Бұқар Бес ғасырда да, басқаларында да жетпіске тоқтамай, алпыстан кейін сексенді бір-ақ айтады. Осы олқының орнын Ана тілі газетінде жаряланым бойынша толықтырсақ:

Жетпіс деген жасыңыз

Жетім қалған күн екен.

Сексен деген жасыңыз

Қараңғы тұман түн екен...

Мұның көңілге қонымдылығы ешқандай талас тудырмаса керек. Айтпақшы Ай, Абылай, сен он бір жасыңда деп басталатын толғауда да 15 пен 95 жас арасындағы адам ғұмырының әр бес жыл сайынғы белестерін бейнелеп келе жатып, алпыс пен тоқсанды, ал Пекин нұсқасында елу бесті тастап кетеді. Екі үлгіде де жаздырушы кісі жас шамасының орындарын шатастырып алғаны айдан анық. Салғастырайық:

Елу бес жақа келгенде,

Жақсы болсаң, толарсың,

Жаман болсаң,

маужырап барып соларсың.

(Алматы нұсқасы)

Алпыс жасқа келгенде,

Жақсы болсаң толарсың,

Жаман болсаң, маужырап,

Жүүнжіп барып соларсың.

(Пекин нұсқасы)

Түп негізге Мәшһүр Жүсіп жеткізген жолдар жақынырақ. Тек екі нұсқадағы елу мен алпыстың орындарын ауыстырса жарап жатыр.

Бұл жерде бірінші үзіндідегі елу бестің орнына алпысты қойған ақылға сиымды. Келесі кезең:

Алпыс жасқа келгенде

Әрбір атқа қонарсың...

(Бес ғасыр жырлайды)

Алпыс беске келгенде

Әрбір атқа қонарсың...

(Пекин нұсқасы)

Ең ізгісі-алпыс та, алпыс бес те емес, Елу беске келген де. Және әрбір сөзі-жаңсақ, жаңылыс түскен. Бәлкім, жазып алушының кінәсінен шығар. Қалай болғанда да, ой қисынымен орайласпайды. Біздіңше, егер жыраудың суырыпсалмалық мақамы мен үндес, әуендес тіркестерді түйдектетете төгетін ақындық ерекшелігіне сүйенсек, онда ол сөздің орны-әрбір емес, ел деп, яғни жөндемi мынау:

Елу беске келгенде

Ел деп атқа қонарсың...

Алпыс жасқа келгенде

Жақсы болсаң, толарсың,

Жаман болсаң,

Маужырап барып соларсың.

Бұдан әрі жетпіс жасқа дейін Бес ғасырдағысы жақсы. Рас, алпыс бес жайындағы шумақтарда бірлі-жарым түзету тілейтін тұстар кездеседі. Мысалы, Әр нешік күннің Пекин нұсқасы бойынша Көрген күнің боп өзгертілді. Сондай-ақ, осыған жалғас екі жолдың дұрысы-Еңкейіп масақ терерсің, Тоңқайп орақ оарарсың (себебі, мұның алдындағы жас кезеңдері толарсың-соларсың-қонарсың іспетті ой тұжырымдарымен түйінделіп, ұйқасып келіп отырады. Бұл да, терерге, оарарға емес, терерсің, оарарсың болуы заңды). Ал жетпіс жайындағы толғамға тоқталсақ, Бес ғасырдағы:

Жетпіс жасқа келгенде,

Жетпіс деген жел екен,

Шала ауырып пір екен,-

көркемдік жағынан да, тіпті, қарапайым түсініктілік тұрғысынан да келіспей тұрғаны күмәнсіз. Пекин нұсқасында:

Жетпіс жасқа келгенде,

жаңылып сөзден қаларсың,-

дегенді оқығанымызда жер астынан жеті қоян тапқандай қуанып қалдық.

Жетпіс беске келгенде,

Жылуы болмас қойынның,

Қауқары болмас сойылдың...

Мұндағы бірінші жол Пекин нұсқасынан (Бес ғасыр жырлайды жинағында отыз бес, қырық бес, елу бес, алпыс бес, жетпіс бес, сексен бес секілді сан

есімдердің бәріне де жасқа сөзі тіркесіп келеді. Ана тіліндегі жаряланымда алпыс беске, жетпіс беске...Жөні де осы ғой). Екінші түзету: Қаруы болмас-Пекин нұсқасы бойынша Қауқары болмас деп өзгертілді. Үшіншіден,сөз етіп отырған шумаққа жалғас толғам жойылдың-қойылдың боп ұйқас құрап тұр. Олардың алдындағы сөздер қойынының-сойылының болған күнде жыр өлшемі бұзылып,әсер-қуаты әлсірей түседі. Ең дұрысы:

Жетпіс беске келгенде,
Жылуы болмас қойынның,
Қарқауы болмас сойылдың,
Мүжіліп әбден тозарсың.
Сексен жасқа келгенде,
Өлмесенде жойылдың,
Әр атаққа қойылдың,
Біреуге жүк боларсың.
Сексен бес деген жер екен,
Шындап ұрған пері екен.
Тоқсан жасқа келгенде...

Жоғарыда қос нұсқада да жас шамасының орындары шатасып кеткенін айтқан едік. Соларды ой ыңғайына қарай тиісті жеріне орналастырдық. Мүжіліп әбден тозарсың(Ана тіліндегі боларсың қате), Біреуге жүк боларсың да жас кезендерңне сәйкес беріліп, Пекин нұсқасынан қосылып отыр [4;35].

Қорыта келгенде ақын Есенбай Дүйсенбайұлының поэзия жазуымен қатар тарихқа да көз жүгірткенін байқаймыз. Бұл Есенбай ақынның жан – жанқты екенін байқатады. Өйткені ақындық өнермен бірге тарихқа үңілу ке – келген ақынның қолынан келе бермейтін іс. Осы еңбектері үшін Есенбай ақынды «Дара туған дарабоз» деп атау заңды құбылыс.

Пайданалынған әдебиеттер:

1. Дүйсенбайұлы, Е. «Қапаста жазылған хаттар» / Е.Дүйсенбайұлы / Жалын журналы. 5 сәуір, 1992. – 6 б.
2. Дүйсенбайұлы, Е. Ойтоғыс 2: жинақ / - Алматы: Жазушы, 2004. -160 б.
3. Дүйсенбайұлы, Е. Ұланғайыр: жинақ / Е.Дүйсенбайұлы. – Алматы: Раритет, 2006. -272 б.
4. Бұқар жырау. Ай Абылай, Абылай: жыры / Бұқар жырау. – Алматы: Жалын, 1994. -35 б.

*Амангазиева М.К.¹, Муханбетжанов Н.М.¹
¹Баишев университет*

ПИСЬМА ИЗ МЕСТ ЗАКЛЮЧЕНИЯ И ПРОИЗВЕДЕНИЯ ОБ ИСТОРИИ ЕСЕНБАЯ ДУЙСЕНБАЙУЛЫ

Аннотация

Эта статья посвящена письмам и рассказам Есенбая Дуйсенбаева, написанным на кладбище. Также широко распространились работы Е. Дуйсенбая.

Ключевые слова: *Е.Дуйсенбайулы, история, поэзия, зарубежная литература, письмо в плену.*

*Amangazieva M.K.¹, Muhanbetjanov N.M.¹
¹Baishev University*

LETTERS FROM PRISON AND WORKS ABOUT THE HISTORY OF ESENBAY DUYSENBAYULY

Abstract

This article focuses on the letters and stories of Esenbay Dyusenbayuly written in the prison. Thus widely spread the works of E.Duisenbayuly.

Keywords: *E. Duisenbayuly, history, poetry, foreign literature, letter from the prison.*

МРНТИ 16.21.35

*Асанов Ж.А.¹, Тәжікен А.Б.¹
¹Баишев Университеті*

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫНЫҢ АЙТЫСТАРЫ ХАҚЫНДА

Аннотация

Бұл мақалада Сарышолақ Боранбайұлының айтыстары терең қарастырылады. Айтыс «әрбір салдарлы өнер жарысы, халықтың ойындағы армандарды жарыққа шығаратын, жақсылықтарды ортақ қуаныш ретінде ортаға салатын, шешілмеген міндеттерді талқылайтын, кедергі мен кеселді таңбалайтын сұмдықтарды әшкерелейтін өзінше бір құрылтай тәрізді». Бұл жанрдың ең басты да жақсы сипаты – сөз өнеріне жетілдіретін тендесі жоқ мектеп болуында. Қазақ мәдениетінің, оның еркіндігі мен батылдығының, тапқырлығы мен әлеуметтік мұндарды жалпы халықтық тұрғыдан көтере

білетіндігінің көрсеткіші, шешендіктің, қоғамдық құбылыстарға сын көзімен қараушылықтың, азаматтық сергектіктің таразысы.

Кілт сөздер: *айтыс, суырып-салма, Сарышолақ Боранбайұлы, халық ақыны, өнер, перифраз.*

Суырып - салма шешендік пен шабыттан туатын осынау бір төкпе жыр додасы – қазақта әлімсақтан бері келе жатқан айтулы өнер. Қазақ халқы асыл сөздің қадірін салмақта, қаусырма жезтаңдай, күміс көмей атанып, аузымен құс тістеп, дарындылығымен кең даланы думанға бөлеген, осынау жанрдың өзіндік ерекшеліктерін сақтап, тұтас қалпында дамытып келген.

Академик В.В. Радлов қазақтардың өзі тектес басқа халықтардан айрықша сөз мәнерлілігі, ғажайып шешендік, тапқырлығымен дараланып көзге түсетінін айта келіп: «Қазақтар қашан да мүдірмей, кідірмей ерекше екпінмен сөйлеседі... Тіпті ауызекі сөйлесіп отырғанның өзінде оның сөйлемі мен ой кестесі өлең жолдары мен шумақтары секілді ұйқасып, үйлесіп кететіндігі сонша нағыз өлең екен деп таң қаласың» – десе, М. Әуезов «Халық әдебиетінің өркендеп дәуірлеген шағы халықтың шаруасы күйлі, жері кең, үдере көшіп, ен жайлап, сауық-сайран, мереке-қызықпен күнелткен көшпелі тұрмыста болған шақтарында болды, - деп сараптайды. Және де орта ғасырдағы фильмдерге, труверлерге мейстензингерлер мен скальділерге, скомохтар мен мүшәйра, мұғаллақатқа қатысушы ақындардың суырыпсалма өлең мен айтыс-тартысқа ерен шеберліктерін, осы жағынан қазақ айтыстарына жақын екенін атап көрсетеді.

«Айтыс – сөз барымтасы. Бұның бір жағы – өнер жарысы. Екінші жағы – ойын – жиында, айт пен тойда және бүгінгі дәуірде ұлы мейрам күндерінде, халықтық мерекеде орындалатын сауық есепті» халықтың көркем сөзден, ұтымды ойлардан эстетикалық ләззат алуы. «Айтыс өзінің жанрлық нақышымен, асқан шыншылдығымен, тіршілік сұрауларын кең де кемел қамтитындығымен айрықша қымбат». Ол – қазақ фольклорының аса мол дамыған дербес бір саласы. Айтыс поэзиясының ең бірінші нышандары қазақтың эпостық жырларындағы екі басты кейіпкер арасындағы диалогтардан көрінді. Бұнда эпос кейіпкерлері батырлық рухта сөйледі. Ал айтыс поэзиясы әдет-ғұрып, әлеуметтік мәселелерді қамтыды.

Бұрынғы – соңғы айтыс жайлы жазылған дүниелерді зерделеуші ғалымдардың айтуынша, айтыстың ерекше дамып, өзінің кемеліне жетіп, жеке айтушылар туған тұсы – Сарышолақ ғұмыр кешкен ХІХ ғасыр. Әр заманда күнделікті тіршілікке тікелей қатынасы бар жанрға өз үлесін қоса білген Сарышолақтың айтыстары мен сөз қағыстыруларының саны он шақты болғанымен, қолда бары оның жартысы ғана. Олар: Әбубәкірмен сөз қағыстыруы, Сәліммен, Құлимен және Тама қызбен, Тоқсұлумен, Бақи сұлумен айтыстары.

Осы қымбат дүниенің, ғажап өнердің тұғырында қырандай қанатын қомдап, әр сөздің майнын тамызып, әр сөзді асықтай иірген Сарышолақ өзінің

жан-жақты, кең құлашты дарын екенін Құли Жолайұлымен айтысында көрсетеді.

«Қазыбай тайпасының Қуат бөлімінің атақты байы Тотан жылқылы болған. Көп жылқысын үлкен қос қылып ұстаған. Тілеу руының Мөңке тайпасының (Қыстаубай, Орыс, Оразалы Бозай, Орман, Сараш) Әбу атты пысық жігітін бас жылқышы етіп ұстаған. «Сүтті көлде» отырған жылқышылар қосына Сарышолақ шайыр мініске ат ұстап барады. Сарышолақтан басқа ат беруін өтінеді. Әбудің жақтырмағанын сезген Сарышолақ сол арада өткір сөздермен көңіліндегісін төгіп тастайды. Содан Әбу қайтсе де Сарышолақ шайырды жеңбек болып, ауылының оқыған ақыны Құлиға бір жылқы беріп айтысқа қосады».

Ақынның:

Шабысы аз жабыны,
Топқа да қосып зорлама.
Батыр шабар ар үшін,
Түсі суық найзаға.
Қас әдіскер салады,
Неше түрлі айлаға.
Шешен сөйлеп тіл безер,
Хандар тіккен ордада.
Шорағай бөгет болар ма,
Еділ мен ақ Жайық,
Қосылып аққан арнаға.
Шіркей бөгет болар ма,
Құлази аққан дарияға.
Жортақ жолдас болар ма,
Теңселіп аққан жорғаға- деген

сөздері дәлдік пен өткірлікті, тереңдік пен көркемдікті арқалайды. Қарсыласын ықтыруда поэтикалық жүгі ауыр сөздерді таңдайды. Айтыстың нағыз жампозы екенін дәлелдейді. Еділ мен Жайықта жүзген шорағай балық, ұланасыр дария бетіндегі титтей шіркей, сұңқарға жолдас болмас сауысқан мен қарға, теңселе басқан жорғаға жолдас болмас жортақ, айырдың күші жетпес аруанадан туған түс нар – барлығы көз алдымызда қиюын табатын жанды сурет. Ал суреттің ғажап бояулары – поэтикалық метафоралар. Шайыр ауыстырудың шебер үлгісі арқылы сурет жасап қоймай, сол арқылы нағыз дарындылық, шынайы таланттылық бейнесін көрсетеді.

«Қаз ілетін қаршығаны тышқанға салып қор қылу, алтынды мыспен теңгеру» - әрарап ұғымдарды бетпе-бет қою арқылы тұлғалық даралықты, алыптықты таныту.

«Сөз сүйектен өтеді» демекші, Құлиға берген сипаттамасы теңеу түрінде төмендегідей өріледі.

Бірде ол:

... Әйел алсаң шағыстырып жүрер едің,
Сауысқан секілденіп боқ шоқыған,

Арсыз боп өміріңді сүрер едің.
 Жаманның өресі тар шермендедей,
 Кетеді осындайда тілің тиіп.
 Бізбен арғы жағың бір болғанмен,
 Тұғырдай жал құйрығың болды келте.
 Пақырсың таста ойнаған құмырсақдай,
 Сені біз өсіріппіз қылып ерке – десе,

бірде өзінің айыр көмей шешендігін:

Біз секілді жібектің,
 Сыны әсте бұзылмас.
 Қиып түсер топшыдан,
 Ақ алмастай түрленем.
 ... Сасық сордан шығатын,
 Жел секілді іргеден.
 Арам қанды төгейін,

Найзадай өткір тілменен , – деген теңеулер арқылы беріп, оны өлең ішінде жай және күрделі эпитеттермен құлпыртып отырады. Сарышолақ өз тыңдарманын қашан да таңдай қақтырарлық күйге салып отырғаны анық. Өткені шайырдың сөз легінің еріксіз назар аудартар эмоциялық екпіні күшті, экспрессиялық бояуы қалың. Сөйте тұра күпілдек теңеу, жалтырақ әлеміш емес, адамды ойға қалдыратын жағдаят.

Сарышолақтың жыр додасындағы тасқын судай екпіні оның Сәліммен айтысуында кең көрінеді.

«Мырзағұл Шыманұлы өзін паналаушы жігітінің қалыңдығын даулап атақты бай, Жағалбайлы Жетіру елінің беделді биі Дербісалының ауылына барады. Дербісалы қарабайыр қонақасы беріп, менсінбейді. Ал қол астындағы Сәлім атты ақыны келген қонақтарды кекете сынайды. Сол кезде Мырзағұлға ере келген Сарышолақ қызыл тілдің тиегін ағыта жөнеледі:

... Мен жауынгер Әлім-ем,
 Қашан сөзден танып ем.
 Қай жерінде
 Өлең-жырдан қалып ем.
 Білерсің Қабақ-Тілеуді,
 Сом соғылған білеуді.

Жалпы айтыскер ақынға аса қажетті нәрсе – ой-өрісінің кеңдігі. Қарсыласына орайлы, ұтқыр жауаптар бере отырып, жалт бұрлып, тыңға тарта, оның өресі жете қоймайтын биіктерге сүйрей жөнелу, өзі жалау етіп отырған әңгіме төңірегінде томағасы сыпырылған қырандай самғау, қағытпа қалжың, әшекейлі әзілдерді ұрымтал ...

Әдебиеттер:

1. «Ақтөбе» энциклопедиясы [Мәтін] /Ақтөбе, 2001. – 748 б.
2. Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау комитеті. Қолжазба [Мәтін] / №712- 47.

3. Келімбетов Н.Қазақ әдебиеті бастаулары [Мәтін] / Алматы: Ана тілі,1998. – 256 б.
4. Абай. Өлеңдер [Мәтін] / Алматы: Жазушы, 1976. – 140 б.
5. Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы «Жәдігер», «Шамшырақ -Ақтөбе» ЖШС, [Мәтін] / 48-53 бб.
6. «Адырна» Ежелгі жыраулар, «Шамшырақ -Ақтөбе» ЖШС, [Мәтін] / 129-153 бб.

Асанов Ж.А.¹, Тәжікен А.Б.¹
¹Баишев Университет

О СОСТЯЗАНИЯХ (АЙТЫСАХ) НАРОДНОГО ПОЭТА САРЫШОЛАК БОРАНБАЕВИЧА

Аннотация

В данной статье подробно рассмотрены о состязаниях (айтысах) Сарышолока Боранбайулы. Айтыс - как своеобразный курултай, который раскрывает мечты народа в сознании, делает добро общей радостью, обсуждает нерешенные задачи, изображает препятствия и резанья. Самый главный и хороший характер этого жанра-это неоспоримая школа, которая совершенствует искусство слова. Показатель казахской культуры, ее свободы и смелости, находчивости и умелости поднимать социальные гнева с общенародной точки зрения, весы решимости, критического отношения к общественным явлениям, гражданской бодрости.

Ключевые слова: *состязания (айтыс), импровизатор, Сарышолок Боранбаевич, народный поэт, искусство, перифраз.*

Asanov Zh.A.¹, Tazhiken A.B.¹
¹Baishev University

ABOUT CONTESTS (AITYSES) THE NATIONAL POET OF SARYSHOLAK BORANBAEVICH'S

Annotation

This article discussed about competitions (aityses) of Sarysholak Boranbayuly in detail. Aitys - as a kind of kurultai, which reveals the dreams of the people in the mind, makes good a common joy, discusses unsolved problems, depicts obstacles and cutting. The most important and good character of this genre is an undeniable school that improves the art of words. The indicator of the Kazakh culture, its freedom and courage, resourcefulness and skill to raise social anger from the national point of view, scales of determination, critical attitude to public phenomena, civil cheerfulness.

Key words: *contest (aitys), improvisator, Sarysholak Boranbayuly, a big poet, art, paraphrase.*

МРНТИ 16.01.45

Жақсығали Ш.И.¹
¹Баишев Университеті

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ БАҒЫТ

Аннотация

Бұл мақалада жалпы орта білім беретін мектептерде шет тілдердің оқытудың өзекті мәселесі дифференциалдық бағыты туралы айтылады. Оның басты ерекшелігі – оқушыларға берілетін тапсырмалардың деңгейлерге бөлінуі және олардың меңгерген білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптардың дифференциалауы. Бұл мақала жалпы орта білім беретін мұғалімдерге және студенттерге арналған.

Кілт сөздер: *азғышын тілі, дифференциалдық бағыт, деңгейлеп оқыту технологиясы.*

Қазіргі кездегі жалпы орта білім беретін мектептерде шет тілдердің оқытудың өзекті мәселесі дифференциалдық бағыт болып табылады. Дифференция дегеніміз – оқушыларды қандайда ерекшеліктеріне сәйкес топтастырып оқыту. Жалпы білім беретін мектептерде дифференциалап оқытуда әртүрлі әдістер қолданылады. Соның ішінде дифференциалаудың маңызды түрі деңгейлік дифференция болып отыр. Оның басты ерекшелігі – оқушыларға берілетін тапсырмалардың деңгейлерге бөлінуі және олардың меңгерген білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптардың дифференциалауы. Бұл деңгей барлық оқушылардың шамасы жететін деңгей. Осы деңгейдің барысында курсты меңерудің жоғары деңгейлері қалыптасады. Оқушылар бір сыныпта бір бағдарлама бойынша білім ала отырып, қабілеттеріне, қызығушылығына сай деңгейді таңдауға мүмкіндік алады.

Әр жас маманға бұл мәселе бастапқы жұмыс кезінде қиындық туғызады. Шет тілін оқытудағы ең басты қиындық мұғалімнің оқушылармен жеке немесе топтық түрде оңтайлы үйлесе алмауы. Қалған қиындықтары мұғалімнің оқушылармен тіл табысуы және дұрыс ұйыдастыруы. Шет тілін оқытудағы қиыншылықтардың бірі – оқушылардың пәнге деген қызығушылық деңгейі немесе дайындығы әртүрлі болуы. Осыған орай оқушылардың үлгерімінің әртүрлі болуының себебін анықтау, оған қоса үлгерімі төмен оқушылардан қандай тапсырмадан немесе жаттығулардан қиналатынын анықтап және не себепті үлгерімі нашарлағанын біліп, олармен жұмыс жасау қажет. Бұл себептер әртүрлі болуы мүмкін. Олар: біреуі ауырып қалғандықтан сабағынан

қалса, екіншісі сабақта бола тұра мұқият тыңдамайды, ал үшіншісі мұғалімнің айтқанын түсінбейді.

Көбінесе шет тілін оқытудағы дифференциалдық тәсіл бойынша оқушыны жеке тұлға ретінде қарастырмайды, оның білімінің саңылауын жеке қарастыруына негізделген. Яғни шет тілін оқудағы қабілеттілік әртүрлі: біреуіне тіл оңайырақ болса, басқасына қиын боп келеді. Бұдан алатынымыз, бір сыныптағы оқушылар оқу материалын әртүрлі қабылдайды. Мысалы, кейбір оқшылар есту қабілеті жақсы болғандықтан аудированиемен оңай меңгеріп алады, ал екіншісі ойлау қабілетіне байланысты лексиканы жақсы меңгереді және т.б. Одан басқа әр оқушының ойлау қабілеті әртүрлі.

Оқушы қызметін активтендіру негізіндегі педагогикалық технологиялардың бірі – деңгейлік саралау технологиясы. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруді қамтамасыз етеді.

-Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

-Деңгейлеп оқыту әр категориядағы балаларға, олармен аралас жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

-Деңгейлеп саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей, сондықтан әрбір оқушы оны меңгеруі тиіс.

Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болуы үшін а) жеке тұлға ерекшеліктеріне, б) психологиялық даму ерекшеліктеріне, в) пән бойынша білімді игеру деңгейіне көңіл бөлуі керек. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қараев оқушылардың оқу деңгейін 4 түрге бөлген. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру барысында деңгейлеп оқыту технологиясының өзіндік ықпаы зор. Дифференциалдық оқыту кезінде оқушылар өздік жұмыстарын орындап, білімдерін мониторингтік жүйе арқылы немес мұғалім арқылы бағаланып өздері диагностикалауға қол жеткізеді. Олар:

-респродуктивтік деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі.

-алгоритмдік деңгей – мұнда оқушы тапсырманы мұғалімнің түсіндіруімен қбылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

- эвристикалық деңгей- мұнда оқушы тапсырманы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

-Шығармашылық деңгей – оқушылардың таза өзідік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармаық ізденіс түрінде өздігінен меңгереді. Бұл оқыту тәсілі әр оқушының белсенділігін оятады.

Ғылым жетістіктеріне негізделген жоғары технологияландыруға көшудің қажеттілігімен келіспеу мүмкін емес, себеб әр баланың жеке тұлғалық тұрғысының дамуы, білім беруді дифференциялау және барлық білім беру жүйесін ізгілендіру мен демократияландыру сол арқылы жүзеге асырылады. Сондықт қазіргі заманғы пагогика ғылымындағы педагогикалық үрдісті

технологияландыру білім беруші мен білім алушының жеке тұлғасын өздігінен дамыту және өзін – өзі жүзеге асыру мақсатын оқыту мен тәрбиелеудің субъектілік негізінде ауыстыратын тәсілді іздеумен байланысты. Осыған орай мектептің ғана емес, қоғамның да алдында күрделі әлеуметтік экономикалық жағдайда өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың жаңа үлгілерін іздеп, оларды салыстырып, дұрыс жол табуға үйрену мәселелері маңызды болып тұр.

Дифференция дегеніміз – оқушыларды қандайда ерекшеліктеріне сәйкес топтастырып оқыту. Жалпы білім беретін мектептерде дифференциалап оқытуда әртүрлі әдістер қолданылады. Соның ішінде дифференциалаудың маңызды түрі деңгейлік дифференция болып отыр. Оның басты ерекшелігі – оқушыларға берілетін тапсырмалардың деңгейлерге бөлінуі және олардың меңгерген білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптардың дифференциалауы. Бұл деңгей барлық оқушылардың шамасы жететін деңгей. Осы деңгейдің барысында курсты меңгерудің жоғары деңгейлері қалыптасады. Оқушылар бір сыныпта бір бағдарлама бойынша білім ала отырып, қабілеттеріне, қызығушылығына сай деңгейді таңдауға мүмкіндік алады. Оқытуда деңгейлік дифференцияны жүзеге асыру оқытудың арнай технологиясын жасақтауды қажет етеді. Соның ішінде білімді бақылау жүйесіне толығырақ тоқталайық: жалпы бақылау мен бағалаудың ұйымдастырылуының оқыту үрдісінде маңызды рөл атқаратынын білеміз. Сонымен қатар бақылау мен бағалау оқыту үрдісінің барлық кезеңіде жаңа материалды меңгеруден бастап, тақырып аяқталғанға дейін қатысатыны белгілі. Бұл жоспарға сай қолданылып жүрген дәстүрлі бақылау мен бағалау деңгейінің негізделгендігі. Осы жүйе бойынша талаптар жоғары деңгейде қойылады. Алайда, бұл жүйе орташа және төмен оқитын оқушылар үшін өте ауыр.

Оқушылардың қабілеттілігіне сай оқытуды дифференциалау олардың барлық топтарының мүдделерін еске алуды қажет етеді. Әр пәннің ерекшелігіне қарай оқушыдан іскерліктер жиынтығы сұралады. Негізгі іскерліктерге көңіл бөлінбейді. Деңгейлік дифференциалаудың мақсаты – барлық оқушылардың базалық деңгейін қамтамасыз ету (білім берудің мемлекеттік стандарты бекіткен) сонымен, бір мезгілде пәнге қызығушылық пен қабілет танытқан оқушылардың одан әрі қабілетін дамытуға жағдай жасау. Бастауыш сатыда бақылау екі принципті кезеңді анықтауы керек. Міндетті дайындық деңгейі көлемінде материалды меңгергендігін бақылау және мүмкін деңгейіндегі бақылау ұйымдастыру. Оқушыларды топқа бөліп алғаннан кейін тапсырманы орындаса, онда сынақ тапсырылды деп есептейміз. Әдетте, тақырыптық сынақты сабақ үстінде жүргізген қолайлы. Өйткені оқушы біліміндегі кемшілік дер кезінде жойылады. Қандай жағдай болсын оқу үрдісін жетілдіру білімділік дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Міне, осы сияқты мақсаттағы жұмысқа күнбе-күн айрықша назар аударып, шығармашылық ізденіспен қимылдасақ, оның жеміссіз болмайтыны белгілі. Деңгейлік тапсырмаларға қатысты талаптар, біріншіден, әр деңгейде берілетін білім көлемін белгілеу үшін; екіншіден, берілетін білім көлеміне қатысты әр деңгейде орындалатын

тапсырмаларды іріктеп, таңдап алу үшін; үшіншіден, әр деңгейдегі тапсырмалардың қандай болуы керек, қандай мақсатта берілуі керектігі үшін нақтыланады. Орындалатын тапсырмаларға байланысты әр деңгейде қойылған талаптардың бір – бірінен айырмашылығы ескеріледі. Бірінші деңгей мен екінші деңгейде орындалатын тапсырмалар бір – біріне ұқсамайды. Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, күшейіп отырады.

Әр деңгейдің өзіндік талаптарына сәйкес тапсырмалар жүйесі жасалады. Оқушыға берілетін мұндай тапсырмалар жүйесінің барлығын бір орталыққа бағындырып тұраты заңдылықтар болады. Ол заңдылықтар материалды оқытуда қолданылатын тапсырмаларды сұрыптап, таңдап алудың ұстанымдары деп аталады.

-Тапсырманың қызықтылығы;

-Тапсырма мазмұнының жүйелілігі;

-Тапсырманың жетекшілігі;

-Тапсырманың танымдылығы;

Оқушы осы 4 деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында жаңа тақырыпты еркін меңгеріп, 1 деңгейдегі – қабылдаушы, 2 деңгейдегі – орындаушы, 3 деңгейдегі – ізденуші тарапынан өтіп, өз пікірі, өз айтар ойы бар жеке тұлға дәрежесіне көтеріледі. Бұл деңгейдің алдыңғы деңгейден айырмашылығы :

- Алдыңғы деңгейлерде оқушыға тапсырмаларды орындау жолдары айқын берілсе, бұл деңгейде оқушының шығармашылық қабілетін айқындайтын және оны дамытатын тапсырмалардың мақсаты ғана беріледі. Ал оны орындау жолдары оқушының жеке шығармашылық қабілетіне байланысты;

- 1-3 деңгейлердегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жауаптары нақты болуы көзделсе, 4 деңгейдегі тапсырмалар оқушылардың өзіндік көзқарасына, дүниетанымына, жеке қабілетіне және дарындылығына байланысты түрленген, бейімделген болады.

№ 1

Level 1 *Write the sentences and match them to the tenses.*

- He has been never broken his arms and legs.
- The doctor advised her to keep to a diet.
- I am doing my exercises.
- Ann check-ups once a year.
- My mother was taken to hospital.
- Children are usually given advice to drink milk.
- The doctor was examining the patient.
- When the mother came home, her daughter had already taken the tablets.

Level 2 *Complete the sentences with the verbs. Use the Present Perfect Continuous.*

Play, tidy, snow, cry, study, stand, and sunbathe.

- It ... all day.
- My brother ... English since he left school.
- Marat ... football professionally for two years.

- I'm so tired because ... I the house all day.
- Look at that woman. She ... there for half an hour.

Level 3 *Finish the sentences using the Present Perfect Continuous.*

- Alma's hair is wet because ...
- Arsen is tired because ...
- Her face is so red because ...
- Aigerym is excited because ...
- Kanat is really dirty because ...

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Голицынский Ю.Б. Грамматика [Текст]: Сборник упражнений/ Ю.Б. Голицынский – М.: Изд. Каро 2011г.-145с.
2. Мыльцева Н.А . Жималенкова Т.М. Glossa's grammar [Текст]: Универсальный справочник/ Н.А. Мыльцева, Т.М. Жималенкова – М.: Изд. Глосса-Пресс; Ростов 2013г.- 280с.
3. Качалова К.Н., Израилевич Е.Е. Практическая грамматика английского языка [Текст]: Сборник упражнений/ К.Н. Качалова, Е.Е. Израилевич – К.: Изд. Методика, 2003г. - 672с.
4. Плоткин В.Я. Как устроен английский язык, [Текст]: Учебн.пособие/ В.Я. Плоткин – М.: Изд.Сибирский независимый университет 2004г.-56с.
5. Драгункин А.Н. Универсальный учебник английского языка [Текст]: Учебник/ А.Н. Драгункин – М.: Изд. Международные отношения, 1970. - 545 с.

Жаксығали Ш.И.¹
¹Баишев Университет

**ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В ПРЕПОДАВАНИИ
ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ**

Аннотация

В данной статье речь идет о дифференцированном подходе к актуальным проблемам преподавания иностранных языков в общеобразовательных школах. Его главная особенность-разделение заданий на уровни и дифференциация требований к знаниям и умениям, которыми они владеют. Данная статья предназначена для учителей и студентов общего среднего образования.

Ключевые слова: *английский язык, дифференциальное направление, Технология уровневого обучения*

Zhaksygalı Sh.I.¹
¹Baishev University

THE DIFFERENTIAL DIRECTION IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Annotation

In this article we are talking about a differentiated approach to the actual problems of teaching foreign languages in secondary schools. Its main feature is the division of tasks into levels and differentiation of requirements for knowledge and skills that they possess. This article is intended for teachers and students of General secondary education.

Key words: *English language, differential focus, Technology of teaching.*

МРНТИ 03.20

Маханова А.Н.¹
¹АРГУ им. К. Жубанова

ОБ ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

Аннотация

В статье рассматриваются ключевые моменты историко-географического развития Казахстана. Поднимаются такие вопросы, как размежевание границ по «Уставу об Оренбургских киргизах», устранение административных институтов ханской власти. Помимо этого, рассматривается немаловажный аспект для экономики того времени – торговля Западного Казахстана.

Ключевые слова: *историко-географическое развитие, размежевание границ, торговля, караванные пути, отмена ханской власти.*

Западный Казахстан в первой половине XIX в. является интереснейшим объектом для исторической географии. Социально-экономическое развитие, политические условия, в том числе колонизация края царской Россией, представляющие собой симбиоз объективных и субъективных факторов, вызывали неоднократные изменения историко-географической карты региона. Первым из подобных крупных изменений явилось создание в 1801 г. Внутренней орды в междуречье Урала и Волги, повлекшее за собой массу территориальных споров, возникших в результате непродуманных действий царских чиновников. Это выразилось, в частности, в изначальной неопределенности границ нового территориального образования, сделавшее положение населения Букеевского ханства особенно уязвимым по отношению к

соседнему Уральскому казачьему войску, дачам помещиков Юсупова и Безбородко, астраханским кордонам и др. [1] [2]

Всю первую половину XIX в. продолжалось межевание внешних границ Зауральской орды (Области «оренбургских» казахов), осложненное земельными изъятиями в пользу Оренбургского казачьего войска Новоилецкого и Новолинейного районов, ранее задействованных маршрутами традиционных перекочевков казахских родов. [3] В 1824 г. изменяется административно-территориальное устройство Зауральской орды. "Устав об Оренбургских каргизах", упразднивший последний, по существу, атрибут самостоятельности Младшего жуза - ханскую власть, вводит в регионе абсолютно новую практику внутреннего разделения земель. В значительной степени территориально-административный аспект этой реформы был углублен последовавшим введением в Оренбургской степи дистанционной системы, создавшей новое звено в системе управления в лице дистанционных и местных начальников. Способствовавшее закреплению позиций царской России в крае создание дистанций, однако, проводилось с ошибками в их размещении и составе населения. К концу первой половины XIX в. эти ошибки обернулись серьезными препятствиями для существования самих дистанций вследствие их чересполостности, условности границ и неравномерного числа жителей. [4]

Одновременно с внутренним размежеванием в Зауральской орде шло создание новых и уточнение старых территориальных единиц в Оренбургском и Уральском казачьих войсках. Кантонная, дистанционная и окружная системы, действовавшие в них, были призваны усилить контроль за войсковым сословием, способствовать превращению казачества в послушных исполнителей колониционных планов царской России в Казахстане. Действовавшая здесь полувоенная структура управления позволяла сохранять казачьи войска в качестве мобильной вооруженной силы на Оренбургской и Нижнеуральской укрепленных линиях. Эта служба, в свою очередь, вознаграждалась обширными земельными приобретениями и различными экономическими льготами, созданием благоприятных условий для существования казачьих хозяйств. [5]

Материальное положение казахских родов Младшего и части Среднего жузов напротив сильно осложнилось вследствие указанных территориальных изъятий, отразившихся на традиционной схеме родорасселения оренбургских казахов. В результате среди прилинейного казахского населения все более распространяется практика ухода в наем к жителям укреплений, на горные заводы, в рыболовные артели, сельскохозяйственные работники, извозчики и просто в услужение. Аулы тех из казахских родов, которые издавна совершали дальние перекочевки к южным, зимним пастбищам, стремились избежать этим способом нежелательных контактов с Оренбургской администрацией, вводившей систематическую выплату кибиточной подати и пытавшейся контролировать сезонные перемещения казахского населения. Однако, в южной части западно-казахстанских степей, в бассейне рек Сырдарья, Жанадарья и Кувандарья шаруа попадали в зависимость от хивинского хана, намеривавшего

подчинить себе казахские роды. [6] В результате, часть племени алимулы, например, оказывалась, по существу, в двойном подчинении, уплачивая летом-осенью кибиточную подать в Оренбургское ведомство, а зимой - зякет хивинским сборщикам.

Россия и Хива выступали в роли конкурентов в борьбе за право контролировать караванные торговые пути в казахской степи, на которых в первой половине XIX в. основывалась торговля в крае. Сеть этих путей была выработана в течение нескольких предыдущих столетий, видоизменяясь под влиянием природных, экономических и политических условий. В первой половине XIX в. потребности растущей российской промышленности в постоянном притоке дешевого сырья и новых рынков сбыта подталкивают царское правительство к активному освоению караванных путей. Интенсивная их разведка, попытки организовать вооруженную охрану караванов должны были способствовать стабильному прохождению торговых экспедиций через степь Оренбургского ведомства. Однако, решающей в этом плане оставалась роль казахского населения региона, выступавшего в качестве проводников, караванщиков, погонщиков тяглогового скота, а то и прямых гарантов безопасности товаров и их хозяев. Строительство в первой половине XIX в. ряда русских укреплений в глубине степи, захваты в середине XIX в. хивинских укреплений на Сырдарье, усилившие влияние оренбургской администрации в регионе, вызвали изменения в размещении караванных путей. С середины XIX в. некоторые из этих укреплений были охвачены почтовыми трактами, намеченными на месте прежних караванных маршрутов или в непосредственной близости от них. [7]

С развитием торговли, укреплением позиций России в крае происходит трансформация крепостных укреплений, наиболее крупные из которых превращаются в города, имевшие многофункциональное назначение административных, политических, экономических, культурных центров. Менее разросшиеся форпосты, редуты Оренбургской и Нижнеуральской линий становятся станицами, поселками соседних казачьих войск, население которых в первой половине XIX в. осваивает новые хозяйственные занятия. Историко-географический анализ экономического положения казахского населения региона и казаков Оренбургского и Уральского войск позволяет в этом отношении выделить ряд особенностей. Если казахи Оренбургского ведомства и Букеевского ханства занимались кочевым скотоводством классического типа с отдельными участками земледелия, лишь при необходимости используя отдельные элементы стойлового содержания скота, то казачье экстенсивное скотоводство, хотя и имело внешнее сходство с кочевым ведением хозяйства, в большей степени основывалось на "нагуливании" в благоприятных для этого природных условиях скупленного для последующей перепродажи скота. Казачье земледелие существенно отличалось от крестьянства размерами подушевых наделов, обусловленных в первой половине XIX в. наличием у войскового сословия больших свободных земельных массивов, утраченных казаками Младшего и части Среднего жузов. [1] [5]

Таким образом, историко-географическое исследование Западного Казахстана первой половины XIX в., определяя и локализуя ряд географических объектов, способствует выяснению многих вопросов и проблем истории региона и всего Казахстана, дает новую характеристику политико-административного развития, находя его территориальное выражение, определяет размещение экономики региона, различных видов хозяйственной деятельности, присущих тем или иным группам населения, уточняет места расселения жителей и др.

Список использованной литературы:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Ч. 1. СПб., 1832. - 264 с.
2. История Оренбуржья. Оренбург, 1996. - 351 с.
3. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. СПб., 1865. - 288 с.
4. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. Последняя четверть XVIII - 60-е гг. XIX в. М., 1980. - 280 с.
5. Витевский В.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Т. 1. Казань, 1897. - 292 с.
6. Валиханов Ч.Ч. О кочевках киргиз. // Собрание сочинений в 5 т. Т. 4. Алма-Ата, 1985. - С. 105-109.
7. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы, 1997. - 264 с.

Makhanova A.¹
¹K. Zhubanov ARSU

ON THE HISTORICAL AND GEOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE WESTERN KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE XIX CENTURY

Annotation

The article discusses the key points of the historical and geographical development of Kazakhstan. Issues such as the delimitation of borders under the “Charter of the Orenburg Kyrgyz Republic”, the elimination of the administrative institutions of the khan's authority are raised. In addition, an important aspect for the economy of that time - the trade of Western Kazakhstan - is considered.

Key words: *historical and geographical development, delimitation of borders, trade, caravan routes, the abolition of the khan's power.*

*Маханова А. Н.¹**¹Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРҒЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ ТУРАЛЫ

Аннотация

Мақалада Қазақстанның тарихи-географиялық дамуының негізгі мәселелері қарастырылады. «Қырғыз Республикасының Орынбор хартиясына» сәйкес шекараны делимитациялау, хан билігінің әкімшілік мекемелерін жою сияқты мәселелер көтерілді. Бұған қоса, сол уақыттағы экономиканың маңызды аспектісі - Батыс Қазақстанның саудасы қарастырылған.

Кілт сөздер: *тарихи-географиялық даму, шекараларды делимитациялау, сауда, керуен жолдары, хан билігінің жойылуы.*

МРНТИ 16.21.49*Миров М.О.¹ Адилова Ж.М.¹**¹Баишев университеті*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТОНИМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада қазақ тіліндегі фразалық тіркестердің бір –біріне қарама – қарсы мағыналас болып келетіндігі туралы сөз болады. Фразалық антонимдердің лексикалық антонимдер сияқты қарама –қарсылықты мәні жағынан тепе – тең болып келуі, немесе тілде үнемі бір –біріне қарсы мағынада жұмсалып, антонимдік қатынасқа түсетінін айтылған.

Кілт сөздер: *антоним, фразеология, қарама –қарсылық.*

Мағыналары бір- біріне қарама –қарсы сөздер антонимдер деп аталады. Антонимдердің жасалуындағы ерекше бір түрі – фразалық антонимдер. Фразалық антонимдер лексиканың әлі толық зерттеле қоймаған саласы десек те болады. Антонимдер бір –біріне қарама –қарсы мағынаны білдіретін екі сөз бе, әлде сөз тіркесі ме екендігі әлі нақты айтылмай жүр. Антонимия тек лексикалық құбылыс қана емес, ол фразеологияны да қамтитындығы белгілі. Сол себепті де көптеген идиомалар мен фразалар бір – біріне қарама –қарсы мағыналас болып келе беретіндігін лексиколог ғалымдар да айтып жүр. Алайда, фразалық антонимдер лексикалық антонимдер сияқты сапалық ұғымдарды білдіргенімен олардан антонимдердің критериілерінің бәрі дерлік кездесе бермейді. Мәселен: фразалық антонимдердің лексикалық антонимдер сияқты қарама –қарсылықты мәні жағынан тепе – тең болып келуі, немесе тілде үнемі

бір –біріне қарсы мағынада жұмсалып, антонимдік қатынасқа түсетінін аңғаруға болады. Фразалық тіркестер антонимдік қатынасқа түсу үшін:

Олардың бір немесе екі компоненті тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағынадағы сөздер болуы керек.

Мысалы: *өлмелі кәрі – өндірдей жас, іріткі салу – ұйытқы болу, бейнет көру – рақатқа бөлену, жақсатты болу – жаманатты болу, күн бата – күн шыға, т.б*

Мұндағы *кәрі – жас, іріткі – ұйытқы, бейнет – рақат, жақсат – жаманат, бата – шығу* деген тіркестерден тыс жеке алғанда өзара қарама-қарсы мағыналас сөздер ретінде антонимдік жұп құрайды. Фразалық тіркестердің құрамына кіргенде де, ондай сөздердің көпшілігі сол антонимдік мағынаны сақтап қалады. Егер ондай сөздер тіркеске желі болса, онда фразалық тіркестер тұтас алғанда бір – біріне қарсы мағыналас болып шығады. Тілімізде осындай желі сөздердің мағына қарама – қарсылығына негізделген фразалық антонимдер көптеп кездеседі. Осы үлгідегі құрылған мақал – мәтелдер де жиі ұшырасады. [1.23]

Мысалы: *Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды.*

Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.

Жақсыдан шарапат, жаманнан кесанат.

Ащы еңбектен – тәтті нан.

Аздың атасы бір, көптің батасы бір.

Қорлық өмірден, ерлік өлім артық.

Айырылған азады, қосылған озады., т.б(1001 мақал кітабынан)

Сонымен антонимдік жұп құрайтын фразалық тіркестерде мағынаға өзек боларлық бір сөз қайталанып келіп тұрады. Мысалы; *бағы тайды – бағы жанды, бақ қонды, орнын сипады – орнын басты, есіне түсірді - есінен шығарды, тілі байланды – тілге келді, қоян жүрек – жүрек жұтқан, су жүрек – жүрегінің түгі бар, ант ішті – антын бұзды, т.б*

Мұндай тектес фразалық тіркестерде ойға тірек, ұйытқы боларлық бір сөз болады да, ал антонимдік жұп құрайтын тіркестерде қайталанып келеді. Фразалық тіркесте айтылатын ой негізінде сол тірек сөз атауы болған заттың немесе құбылыстың (кейде сапаның) екі түрлі жай -күйін білдіреді. Ондай кезде антонимдік мағына фразалық тіркестердің компоненттерін түгел қамтуы қажет. Мысалы: *өңменінен өтті – төмен қарады, өңменінен итеру – бауырына тарту, ындыны кепкен – бейілі тоқ, үміт ұзу – дәме ету, қырына алды – мейірі түсті, ит өлген жер – иек астында, ит арқасы қиянда – таяқ тастам жер, т.б.*

Аталған фразалық тіркестер антонимдердің ішінде ең көп ұшырасатын түрі. Бұл жерде тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналас болатын сөздер де, қайталанып келіп, тіркестерге ұйытқы, тірек боларлық сөздер де кездеспейді. Мұндағы мағына қарама –қарсылығы тіркес компоненттерінің тұтасып кіріккен бірлігінде, яғни фразаның өн бойыннан көрінеді. Мұндағы антонимдік мағына тіркесті тұтас алғанда ғана аңғарылады. Дегенмен,

тіліміздегі фразалық антонимдердің басым көпшілігі дәл осы жоғарыда айтылған әдіс бойынша жасалып қалыптасқан. [2.19]

Сондай-ақ, фразалық антонимдердің семантикалық ерекшеліктерінде ескерілетін жағдайлар:

1. Кейбір фразалық тіркестер жеке сөздер сияқты көп мағыналы болып келеді. Антонимдік жұп құраған кезде фразалық тіркестердің көп мағыналарының бірі ғана антонимдік мәнде қолданылады. Мысалы: «*жанын жалдау*» деген тіркес мынадай мағыналарды білдіреді.

а) алдау, өтірік айту;

ә) ештеп – септеп күн көру, тірлік ету.

Бұл тіркес *ағынан жарылу* деген тіркеске қарама-қарсы мағыналас болғанда, осы екі мағынаның алғашқысы яғни алдау деген сөз қолданылады. Сондай -ақ, *күйіп – жанды* деген тіркес *қызуы көтеріліп, қатты ауырды және асып-сасып әбігерленді* деген мағынада да айтылады. Мұндағы тіркес соңғы мағынада *әбігерленді* болып қолданылып. Бұл тіркес *селт етті* деген тіркеске антонимдес бола алады.

2. Қазақ тілінде мағыналары жағынан бір-біріне жақын синонимдес фразалық тіркестер де көптеп кездеседі. Синонимдес фразалық тіркестер де лексикалық антонимдер сияқты өзара жұптасып антонимдес болады. Мысалы: *су жүрек – жүрек жұтқан, қоян жүрек – жүрегінің түгі бар, шашбауын көтеру – іргесін аулақ салу, жыртысын жырту – құйрығын сыртқа салу, сойылын соғу – сырт беру, көкіреген көтерді – ұнжырғасы түсті, кеудесіне нан пісті – салы суға кетті, мойнына су құйылды, т.б.*

Сонымен, лексикалық антонимдер сияқты фразалық антонимдер де көпмағыналы, синонимия құбылыстарымен қат – қабат байланыста бола алады. [3.89]

Лексикалық немесе фразалық антонимдермен тілдік фактілер мағына қарама – қарсылығынан шектелмейтінін аңғартады. Жеке тұрғанда антоним бола алмайтын сөздер де қолданылу ретіне қарай бір – біріне қарама - қарсы мағынада жұмсала алады. Мұндай сөздердегі мағына қарама – қарсылығы көбінесе контексте телулі болады. Басқаша айтқанда, мұндай антонимдер сөз мағынасының әртүрлі қырынан көрінуіне, сөздің стильдік мүмкіншілігіне байланысты болмақ. Сол себепті де олар лексикалық немесе фразалық антонимдерден бөлек стильдік (немесе контекстік) антонимдер деп аталады.

Қазақ тіліндегі мағыналары бір – біріне қарама-қарсы болса үнемі жарыса, қатар қолданылып, антоним ретінде қалыптасқан кейбір сөздерді осы стильдік антонимдер қатарына жатқызуға болады.

Мысалы: *Хан тұқымының не барып тұрған қатал қара жүрек, не үлбіреген аямпаз ақ жүрек бола қалатын әдеті бар.* (С.Мұқанов)

Бұлар тілімізде нақ осылайша бір-біріне қарсы мағынада жұбы жазылмай қолданылып қалыптаспаған. Жоғарыда келтірілген мысалдағы *қатал* деген сөздің ертеден жарыса қоланылып қалыптасқан антонимі – *мейірімді*. Сөйтіп, *қатал – аямпаз* тілімізде өте сирек ұшырасатаны антонимдік жұп болып отыр. Сол себепті де оны стильдік антонимдер тобына жатқызамыз.

Сонымен стильдік антонимдер сөздің қасиетін пайдалану арқылы да жасалады. Стильдік антонимдердің көркем әдебиетте мұндай түрі жиі ұшырасады. Себебі айтайын деген ойды жан –жақты сипаттап көрсетуде, аса мәнерлеп беруде, сондай –ақ, сөз қайталауға жол бермеуде синонимдерді пайдалану өте тиімді.

Тілімізде сөздің ауыспалы мағынада қолданылу мүмкіндігін пайдаланып та стильдік антонимдер жасауға болады.

Мысалы: *Үйде отырып салбырап,*

Түзге шықса албырап,

Кісіні көрсе қылжаңдап,

Қалжыңшылсып ыржаңдап.

(Абай)

Қазақ жазушыларының шығармаларында да осындай үлгі бойынша жасалған антонимдер көптеп кездеседі.

Мысалы: *Сұңқар зой сүйген жары сұлу қыздың,*

Болмай ма сүймегені нақ сұм қарға.

(С.Сейфуллин)

Құнанбай өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы, қара шаңырақ иесі. (М.Әуезов)

Сондай –ақ, тілімізде сөздің синекдохалық қасиетін пайдаланып та стильдік антонимдер жасала береді.

Мысалы: *Көп түкірсе –көл.* (мақал)

Жалғыздың үні шықпас,

Жаяудың шаңы шықпас. (мақал)

Қорытындылай келе, бұл айтылғандар антонимдердің тіл табиғатында терең тамыр тартып, өркен жайған, тіліміздегі сөздердің басқа топтары сияқты сан құбылып, алуан түрленіп, әлденеше қырынан көрініс беретін икемді де оралымды, өріс –аумағы кең, стильдік мүмкіншілігі мол саласы деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Мусин. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы. Мектеп, 1984ж- 80б
2. А.Жұмабекова. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Издательство «Сөздік - Словарь». Алматы, 2000ж- 97-103б
3. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. Алматы. 2002 ж- 112 б

Миров М.О. ¹Адилова Ж.М. ¹
¹Баишев университет

Аннотация

В данной статье идет речь о том, что антонимы в казахском языке имеют противоположное значение. Словосочетание как лексические антонимы,

равнозначно по смыслу, или постоянно употребляется в языке в противоположном значении и относится к антонимическому отношению.

Ключевые слова: *антонимы, фразеологизмы, противоположенность.*

*Mirov M.O¹. Adilova ZH.M¹
¹Baishev University*

Annotation

This article deals with the fact that phrasal phrases in the Kazakh language have the opposite meaning. The word combination of phrases as lexical antonyms is equivalent in meaning, or is constantly used in the language in the opposite sense and refers to the antonymic relationship.

Key words: *antonymic, phrasalology, opposite.*

МРНТИ 16.21.61

*Нуржанова М.Н.¹, Канлыбаева А.У.², Канлыбаева А.Н.¹
¹Баишев Университет
²ЗКМУ имени М.Оспанова*

ОБУЧЕНИЕ НАУЧНОМУ СТИЛЮ РЕЧИ

Аннотация

В статье рассматривается совершенствование языковых и речевых компетенций студентов казахских групп экономических специальностей в научной сфере. Дается характеристика признаков, присущих научному стилю речи, анализ характерных особенностей, свойственных научному стилю речи.

Ключевые слова: *русский язык, коммуникация, научный стиль речи, аннотация, план, реферат, рецензия.*

Грамотное и современное оформление документации, умение вести переговоры, умение убедить, доказать, аргументировать, изъясняться в соответствии с коммуникативной целью и профессиональной сферой общения на русском языке являются необходимым условием для активной профессиональной и общественной деятельности будущего специалиста.

В данной работе рассматриваются формирование и совершенствование речевых навыков и умений, связанных с научной сферой коммуникации.

Одним из функционально-смысловых типов текста является рассуждение. Сущность текста - рассуждение заключается в обосновании истинности основной мысли (тезиса) другими суждениями (аргументами), в установлении

логических связей, в выявлении причинно-следственной зависимости между суждениями.

Логически высказывания строятся следующим образом:

1. Вступление (часть, содержащая основные положения, мысль, которая будет доказываться).
2. Основная часть (излагаются основные мысли по теме, иллюстрируемые примерами, высказываниями).
3. Заключение (в нем выражается свое мнение или выводы по теме).

Основным языковыми средствами организации текста - рассуждения являются союзы, слова и словосочетания, вводные слова для выражения причинно - следственных отношений, лексические показатели общеутвердительных и общеотрицательных суждений.

В качестве иллюстрации приведем пример высказывания по теме: “Мое понятие человеческой красоты”. Выступление может быть примерно следующим:

“Красота - понятие объемное и многогранное. Человечество всегда и во всех стремилось к красоте. Редко кто пройдет мимо красивой вещи, кто не восхитится красивым пейзажем, почти каждый мечтает о красивой жизни, и, наконец, каждый обратит внимание на красивого человека ”.

Введение является логическим переходом к основной части:

“В человеке с первого взгляда привлекает только внешняя красота, что, конечно, немаловажно. Но я придерживаюсь понятия красоты А.П.Чехов: “В человеке все должно быть прекрасно: и душа, и тело, и лицо, и мысли” ... и т.д.

Далее необходимо развить эту мысль, привести примеры и подвести итог примерно следующим образом:

“У каждого свое понятие красоты, но важно, чтобы существовало это понятие, чтобы люди стремились к красоте, ценили ее потому что, как писал Достоевский только “красота спасет мир”.

Работа над текстом предусматривает: чтение, пересказ, составление планов, вопросов, тезисов, ответы на вопросы и высказывание своего мнения по тексту.

Существуют следующие типы планов: простой (вопросный, назывной, тезисный); сложный. Сложный план отличается от простого тем, что отдельные пункты его, являющиеся заглавиями значительных частей текста, включают в себя подпункты. Составление сложного плана способствует обобщению систематизации, группировке материала.

Чтобы составить план текста нужно:

1. Прочитать текст, выяснить значение непонятных слов.
2. Определить тему и основную мысль текста.
3. Разделить текст на смысловые части и озаглавить их.
4. Составить план.

Сопоставить составленный план с текстом, отмечая, все ли основные моменты текста нашли отражение в плане, связаны ли пункты плана по смыслу, отражают ли они тему и основную мысль текста. План учит отделять

главное от второстепенного, располагать материал в определенной последовательности, прививает навыки правильного построения предложения на русском языке. Работая над текстами, необходимо составлять различные типы планов, выписывать экономические термины, специфичные для научного стиля речи речевые обороты, составлять с ними предложения.

Проиллюстрируем вышесказанное на примере текста “Маркетинг”.

Маркетинг - система организационно-технических мероприятий, которая предполагает тщательное и всестороннее изучение рынка, тенденции и перспективы его развития с целью создания наилучших форм хозяйствования, расширение сбыта производимых товаров, активного воздействия на потребительский спрос. Цель маркетинга - соотнести интересы производителя товаров и их потребителя, приспособить производство к общественному спросу.

Комплекс маркетинга включает в себя организацию сбыта продукции и услуг, совершенствование взаимоотношений с покупателями, активное воздействие на спрос и на рынок в целом, а также инструменты конкурентной борьбы. В зависимости от рыночной сферы маркетинг может быть международный или внутренний, потребительских товаров, средств производства и услуг. Ключевыми элементами маркетинга являются: исследование рынка сбыта, изучение деятельности предприятия, разработка и практическая реализация маркетинговой политики. Конечная цель - максимизация прибыли, устойчивый рост доходов фирмы, удовлетворение потребностей общества.

Маркетинг - категория, ориентированная на рынок, предусматривает получение исчерпывающей информации в хозяйственно-экономической, научной, технической, специальной и демографической областях, в сфере политики и законодательства. Эта информация способствует решению вопросов спроса реального и потенциального, ценообразования, техники и технологии производства товаров на рынке, в том числе новых возможностей внедрения последних в практику, их конкуренции. Получение этой информации помогает расширить производство, улучшить какие-либо свойства товара, или, в силу каких-либо обстоятельств, снять тот или товар с производства. На основе маркетинга предприниматели определяют ассортимент товаров, разрабатывают программы производства, с помощью рекламы воздействуют на формирование спроса.

Для студентов экономических вузов русский язык является не только языком межнационального общения, но и средством овладения специальностью. Знание русского языка расширяет доступ к научной литературе. Студенту необходимо воспринимать и порождать научные тексты и в вузе, и в предстоящей работе. Для этого необходимо знать характерные особенности научного стиля речи.

Основная цель научного стиля речи - точная передача научной информации, которая реализуется как в письменной, так и в устной форме: статьи, учебники, монографии, доклады, лекции, научные сообщения и др.

Для научной речи характерны точность, логичность, объективность, абстрактность. В лексике научного текста преобладают научные термины, например, сальдо, девальвация, депозит, кредит, слова с отвлеченным значением. Свойственны для научного стиля частотное употребление глагольных форм настоящего времени третьего лица (Экономика страны развивается. Банк выдает), форм родительного падежа (продажа товаров, нарушение контракта), имен прилагательных (рыночная экономика, кредитный риск, банковский счет). Широкое использование имен прилагательных в научном тексте объясняется необходимостью описать все признаки предмета наиболее детально.

Синтаксический строй научного стиля отличается грамматической и смысловой полнотой и высокой логико-информативной насыщенностью. Широко распространены предложения, осложненные причастными и деепричастными оборотами. Простые предложения употребляются для сообщения аргумента, вывода и др. Среди двусоставных предложений преобладают такие, в которых сказуемое является составным именным, что обусловлено семантикой научных текстов (выявление признаков, свойств, качеств изучаемых объектов). Из односоставных предложений наиболее частотны безличные с модальными словами и инфинитивом, с предикативными наречиями на -о, с безличными глаголами или с личными в значении безличных. Типичными для научного стиля являются предложения с однородными членами, выражающими логически однородные понятия.

Логичность изложения в научном тексте подчеркивается специальными средствами - вводными словами (во-первых, наконец), словосочетаниями и предложениями (как уже было указано). В сложных предложениях, употребляемых в научных текстах, часто встречаются составные подчинительные союзы. В научной речи для объединения предложений, абзацев, частей текста, имеющих тесную логическую связь друг с другом, используются различные средства: лексический повтор, указательные и личные местоимения 3-го лица, вводные слова, наречия, союзы.

Например, в тексте “Маркетинг” отбор и организация языковых средств определяется стремлением к точности и лаконичности, логичности и абстрактности изложения, что присуще научному стилю речи.

Характерной чертой научного стиля является употребление терминологической лексики (в данном случае экономической): маркетинг, потребительский спрос, общественный спрос, ценообразование, реальный и потребительский спрос. Стремление к абстрактности определяет частотность слов с отвлеченным значением, например: изучение, сфера, внедрение, конкуренция, формулировка, развитие и др. Насыщенность текста именами существительными среднего рода такими, как создание, развитие, совершенствование, исследование, удовлетворение, получение, производство, свойство и др.

Следующим признаком научного стиля является употребление в тексте глаголов настоящего времени с обобщенным значением включает, способствует, помогает, определяют, разрабатывают, воздействует.

В данном тексте часто встречаются предложения с однородными членами с характером перечисления (ключевыми элементами маркетинга являются исследование рынка сбыта, изучение деятельности предприятия, разработка и практическая реализация маркетинговой политики и др.)

Для связи предложений в тексте используется повтор слова (маркетинг), указательные местоимения (эта, этой). Внутренний логический порядок изложения усиливается словами а также, в том числе. Научный материал в данном тексте излагается дедуктивным путем - от общего к частному.

К научному стилю речи относятся аннотация, рецензия, реферат, курсовая работа, отзыв, доклад, тезисы, конспект. Аннотация - краткая характеристика книги, статьи в виде перечня главнейших вопросов. Она служит для предварительного ознакомления читателя с содержанием книги, статьи. В самостоятельной работе существенным является умение, читая научно-техническую литературу, извлекать необходимую информацию, поиски и обработка которой тесно связаны с аннотированием текста.

Аннотация отличается от реферата и рецензии. В реферате используются формулировки и обобщения, заимствованные из текста оригинала, а в аннотации в отличие от реферата - предельное обобщение содержания, передача его своими словами.

Образец аннотации:

Статья “Маркетинг” посвящена описанию системе, всесторонне изучающей рынок. В статье рассматривается сущность маркетинга, описываются его функции и компоненты, излагается цель маркетинга, перечисляются его виды. Автор уделяет внимание вопросу изучения информации в различных областях науки и техники, политики и законодательства, способствующей практической реализации маркетинговой политики.

Статья представляет интерес для экономистов.

Реферат - это краткое изложение основных положений, книги, статьи или отдельной главы. Основная функция реферата - информационная, поскольку главная задача реферата состоит в том, чтобы передавать точную информацию. Структурно реферат делится на следующие части: вступление, основная часть, заключение.

Во введении даются исходные данные (название) статьи, где напечатана, в каком году, сообщаются сведения об авторе (фамилия, специальность, ученое звание, степень); говорится о теме работы. Основная часть реферата содержит анализ наиболее важных с точки зрения автора реферата проблем книги (статьи). При этом говорится, почему эти проблемы представляются наиболее интересными, передается точка зрения автора книги (статьи) по этим вопросам. В заключении излагаются вывод о значении книги (статьи).

При написании научного реферата нужно соблюдать последовательность в изложении материала, при работе над текстом реферата не следует переходить к новой мысли, не закончив предыдущей, использовать существующую терминологию в данной области науки, заканчивать реферат кратким общим выводом. Реферат, как и аннотация, конспект, относится к вторичным текстам, так как они создаются на основе уже имеющихся первичных текстов. Для реферирования книги, статьи нужно определить область науки, к которой относится реферируемая книга, статья; сформулировать тему, назвать цель, которую поставил перед собой автор; выявить структуру книги, статьи; выделить наиболее важную информацию; уяснить последовательность изложения мыслей автора.

Реферат “Маркетинг”

Статья “Маркетинг” посвящена особому элементу рыночной инфраструктуры - маркетингу. Тема, обсуждаемая в статье, относится к области экономики.

Целью статьи является рассмотреть суть маркетинга, проблемы маркетинговой политики, его функции и цель, описать компоненты, составляющие систему маркетинга.

В статье дается определение маркетинга как системы организации работы предприятия (фирмы), на основе специального изучения требований рынка, их прогноза и управления.

Автор статьи особо подчеркивает цель маркетинговой политики - это создание отражающего оперативного отражения данным производством запросов рынка. Особое внимание в статье уделяется таким проблемам маркетинга категории рыночной экономики, как исследование в экономическом, социальном и культурном, научном областях, изучение анализа движения товаров на рынке, определение цены предложения.

Автор статьи указывает, что организация сбыта данной продукции, планирование товарного ассортимента, использование рекламы, активное воздействие на спрос и на рынок в целом являются компонентом системы маркетинга.

В заключении автор подчеркивает, что маркетинг способствует составлению товарного ассортимента производства, разработке производственной программы.

Рецензия - это критический отзыв, оценка на основе анализа научного, а также художественного, кинематографического произведения. Автор, анализируя произведения, указывает на достоинства и недостатки, высказывает свою оценку. При рецензировании книги, статьи нужно уметь описать содержание и структуру текста, выявить основные проблемы и выводы автора текста, оценить материал с точки зрения автора, изложить свои позиции. Рецензия как тип монологической речи, представляет собой рассуждение, поэтому необходимы такие языковые средства, которые помогают выразить оценку, оформить аргументацию.

Список литературы

- 1.Абаева Ж.С. Русский язык: Учебное пособие для студентов казахских отделений факультета международных отношений. - Алматы: Казак университет, 2014.
2. Боженкова Р.К. Русский язык и культура речи: учебник / Р.К. Боженкова, Н.А. Боженкова, В.М. Шаклеин. — М.: Флинта, 2016. — 608 с.
- 3.Бузело А.С. «Русский язык: Учебное пособие для студентов-математиков казахского отделения». - Алматы: Казак университет, 2011. -182 с.
- 4.Жаналина Л.К. Практический курс русского языка: учебник / Мусатаева М.Ш.- Алматы, 2005.- 529с.
- 5.Основы научной речи»: Учебное пособие для студентов филологических высших учебных заведений /Под редакцией В.В.Химики, Л.Б.Волковой. - Санкт-Петербург: Филолог. факультет Санкт-Петербургский гос.университет; М.: Изд. центр «Академия», 2003. - 272 с.

*Нуржанова М.Н.¹, Канлыбаева А.У.², Канлыбаева А.Н.¹
¹Баишев Университет
²М.Оспанов ат. БҚМУ*

Аннотация

Мақалада экономикалық мамандықтардың қазақ топтары студенттерінің тілдік және сөйлеу құзыреттіліктерін жетілдіру қарастырылады. Сөйлеудің ғылыми стиліне тән белгілердің сипаттамасы, сөйлеудің ғылыми стиліне тән ерекшеліктердің талдауы беріледі.

Кілт сөздер: *орыс тілі, коммуникация, ғылыми сөйлеу стилі, андатпа, жоспар, реферат, пікір.*

*Nurzhanova M.N.¹, Kanlybayeva A. U.², Kanlybayeva A.N.¹
¹Baishev university
²M.Ospanov WKMU*

Annotation

The article is about improvement of language and speech competences of Kazakh groups' students of economic specialties in scientific sphere. The characteristic features inherent in the scientific style of speech, the analysis of characteristic features inherent in the scientific style of speech.

Key words: *Russian language, communication, scientific style of speech, abstract, plan, report, review.*

МРНТИ 16.41.53

Сабилова Н.Ж.¹
¹ Баишев Университеті

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Аннотация

Қытай тілі сабақтарында сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту жүйесіне ену үшін және әрбір компонентті өзара байланыстыру үшін, байланыс және қатынас анықталуы керек екені белгілі. Ондай байланыс ретінде біз оқу-танымдық қызметті алып отырмыз. Ал қатынас ретінде дидактикалық қатынас алынады. Оқу-танымдық қызмет – дидактиканың жетекші категориясы, ол дидактиканың заңдарына бағынады.

Кілт сөздер: *Қытай тілі, сөйлем мүшелері, модульді-интерактивтік технология.*

Сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқытудың психологиялық негізі. Мұнда психолог - ғалымдар Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, Л. В. Занковтың, В. В. Репкиннің теориялары қазіргі күндегі оқу-танымдық үрдістің танымдық және дамытушылық мүмкіндіктерін көрсетуде кеңінен қолданылатындығы және М. Мұқанов, Қ. Жарықбаевтың еңбектеріндегі жеке тұлғаның жетіліп дамуына ықпал ететін психологиялық әрекеттердің маңызы жайлы айтылады. Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткерлері Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев психологияға байланысты арнайы еңбектер жазса, А. Байтұрсынұлы да өзінің бірнеше психологиялық мақалаларын жариялады.

Педагогикалық оқыту теориясы – білім берудің формалары мен әдістерін, оқытудың мазмұнын қамтылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі дидактика теориясына сүйенеді. Дидактикада қазақ тілінен білім берудің ұстанымдары мен әдістерінің теориясын, оқу үрдісінің заңдылықтары қарастырылады.

Қазақ қытай тілін оқыту әдістемесін жүйе ретінде тану үшін оның әдіснамалық, теориялық, әдістемелік-технологиялық негізін құрайтын әрбір ілім негіздері басшылыққа алынады. Солардың ішінде ұлттық педагогиканың тұғырнамасын жасаған Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов еңбектері кейінгі әдістеме ғылымның дамуына мүмкіндік жасады.

Сөйлем мүшелерін оқушыларына модульді-интерактивтік технология арқылы меңгертудің педагогикалық негізінде қытай тілін оқытуда жаңа технологияларды енгізу мәселелерін зерттелген еңбектер аз. Қытай педагог-ғалымдардың пікірлері талданады. Олардың зерттеулерде оқушының жеке тұлғасын дамытуға негізделген жаңа оқыту технологияларын қазақстандық мектептерге енгізудің тиімді жолдары, жаңа технология бойынша жоспарлау мәселелері қарастырылады.

Қытай тіліндегі сөйлем мүшесін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту барысында оқушылардың теориялық, практикалық ойлаулары мен тілін дамытудың дидактикалық негіздері жүйесін құрайтын төмендегі компоненттер алынады:

- модульді-интерактивтік технологияның дидактикалық ұстанымдары;
- сөйлем мүшелерін оқыту барысында оқушылардың теориялық, практикалық ойлаулары, тілін дамыту әдістері мен тәсілдерінің дидактикалық табиғаты;
- сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқытудың сабақ түрлері мен ерекшеліктері;
- оқыту мазмұны мен мақсаты.

Қытай тілі сабақтарында сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту жүйесіне ену үшін және әрбір компонентті өзара байланыстыру үшін, байланыс және қатынас анықталуы керек екені белгілі. Ондай байланыс ретінде біз оқу-танымдық қызметті алып отырмыз. Ал қатынас ретінде дидактикалық қатынас алынады. Оқу-танымдық қызмет – дидактиканың жетекші категориясы, ол дидактиканың заңдарына бағынады. Оқу-танымдық қызметті жақсы да нәтижелі ұйымдастыру үшін, ғылыми негіз болып отырған оқыту, оқу-танымдық қызмет, оқытудың мақсаттары, білім алу, оқыту-тәрбиелеу әдістері сынды дидактиканың басты ұғымдары анықталады. Оқытудың белгілері ретінде мыналар көрсетіледі: - белгілі бір мақсатқа бағытталу; - жүйелілік; - ағымдылық; - екіжақтылық (мұғалім мен оқушы қызметтерінің тұтастық сипаты).

Оқытудың мұндай сипаттары оқу-танымдық қызметке тән. Сондықтан оқыту дегенде оқушыға дайын білімнің берілуі ғана емес, оқушының танымдық, ізденімділік қызметін ұйымдастыру деп түсініледі. Мұнда модульді-интерактивтік технология арқылы деңгейлік (ішкі) саралауға бағдарланған тапсырмаларды, қытай тілі сабағында берілетін материалдардың оқушыларға түсінікті болуын және қазақ тілін де тереңірек меңгеруге қабілетті, қызығушылығы бар оқушылардың белсенділігін ескере отырып, жүйелі орналастыру қажеттігі қарастырылады.

Модульді оқыту технологиясын қолданудың міндеттеріне, ғалым М.Жанпейісова оқу модулінің үш құрылымды бөліктен, яғни кіріспе, сөйлесу және қорытындыдан тұруы негіз болатындығына тоқталады. Бұған мұғалімнің алдын-ала сөйлесу бөлімінде қарастырылатын оқу материалының негізгі мазмұнын белгілеуі, оқытудың белсенді формаларын таңдап алуы, әр түрлі күрделілік дәрежесіндегі үш деңгейлік тапсырмалар және олардың жауап үлгілерінің дайындалуы, әрбір оқушыға немесе топқа арнап үлестірмелі материалдардың әзірленуі жатады. Модульді-интерактивтік технология арқылы сөйлем мүшесін оқыту алдымен екі үлкен модульге бөлініп жүргізіледі.

Бірінші модуль бойынша сөйлем мүшелерінен алған білімдерін жинақтап, жүйелеу, жалпы модуль жайлы түсінік беру, бастауыш пен баяндауыштың сөйлемнің тұрлаулы мүшелері болатын себептерін, бастауыш және баяндауыш болатын сөз таптарын, дара, күрделі және үйірлі бастауыш болып келуін, тұрлаулы мүшелердің сұрақтары мен сөйлемдегі орны жайлы, бастауыш пен

баяндауыштың арасына қойылатын сызықша жайлы түсінік беріліп, оларды бекіту үшін оқытудың жұптық және топтық интерактивті әдісі қолданылады.

Екінші модуль бойынша сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері, бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөз меңгертіледі.

Модульді-интерактивтік технология арқылы оқыту төмендегідей ерекшеліктерге ие: Оқыту мақсатының, нәтижесінің айқындылығы; оқу материалының бөліктерге бөлініп берілетіндігі; әр бөліктің мазмұны, құрылымы жағынан толықтығы; мұғалімнің кеңесші, бағыт беруші қызметін атқаратындығы; оқушының мүмкіндіктеріне қарай өз бетімен білім ала алатындығы; мұғалім мен оқушының арасында субъект-субъектілік қарым-қатынастың болатындығы; модульді-интерактивті сабақ жоспарының мазмұнын толықтыруға, өзгертуге икемді құрастырылатындығы; модульді-интерактивтік оқытудың белгілі бағдарламаға негізделетіндігі және тақырыптарды жекелендіруге мүмкіндіктің болатындығы; сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология бойынша оқыту барысында оқушының шығармашылық ойлауға қалыптасатындығы.

Демек, модульді-интерактивтік оқыту – жеке интерактивті (белсенді) модульдерден тұратын оқытудың түрі. Сөйлем мүшелерін модульді-интерактивтік технология бойынша оқытудың сапасы оқушының талабы мен қызығушылығына, қазақ тілі мұғалімінің педагогикалық-әдіскерлік тәжірибесіне, ұсынылатын тақырыптың қажеттілігіне байланысты. Жоғарыда айтылғандарды түйіндей отырып, төмендегідей тұжырымға келуге болады.

Сөйлем мүшелерінің қытай тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен қытай тіліне аудару кезінде жіберілетін қателіктер қарастырылды. Зерттеу жұмысының теориялық негізі қытай тіліндегі сөйлем мүшелердің аударылуы туралы зерттеулері құрайды. Сөйлем мүшелерді қазақ тіліне аудару барысына талдау жасап, саралай отырып қытай тілінің сөйлем мүшелерінің қазақ тіліне аударылуындағы ғылыми жолдарын айқындадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. Пед.ғыл.докт. автореферат. -Алматы: 2001. -54 б.
2. Любимов Н. Перевод – искусство. Перевод – средство взаимного сближения народов. М., 1987. -104б.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде /Аударған Д.А.Қайшыбекова/ -Алматы, 2002. -180 б.
4. Сәмитұлы.Ж. Аударманың теориясы мен практикасы. Алматы, 2005.
5. Г.Нұрбекова. Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің жоғары сынып оқушыларын диалог сөзге үйретуде интерактивтік тәсілді қолдану әдістемесі. Пед.ғыл.канд. авторефераты. –Алматы, 2001. - 54 б.

Сабилова Н.Ж.¹
¹ Баишев Университет

МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ПРЕПОДАВАНИЙ ЧЛЕНОВ ПРЕДЛОЖЕНИЙ КАЗАХСКО-КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

Общеизвестно, что коммуникация должны быть определены, чтобы интегрировать предложения в модульно-интерактивную технологию обучения на уроках китайского языка и соединить каждый компонент. Таким образом, мы получаем образовательные и познавательные услуги. Дидактические отношения получаются как общение. Учебно-познавательная деятельность является ведущей дидактической дисциплиной, подчиняющейся дидактическим законам.

Ключевые слова: *Китайский язык, член предложений, модульно-интерактивная технология*

Sabirova N.Zh.¹
¹Baishev University

METHODICAL SYSTEM FOR TEACHING MEMBERS OF THE PROPOSALS OF THE KAZAKH-CHINESE LANGUAGE

Annotation

It is well known that communication must be defined in order to integrate the sentences into the module-interactive learning technology in Chinese lessons and connect each component. Thus, we receive educational and educational services. Didactic relationships are obtained as communication. Educational and cognitive activity is a leading didactic discipline, subject to didactic laws.

Keywords: *Chinese language, sentence members, modular interactive technology*

МРНТИ 16.01.11

Сарсенова А.П.¹, Аитова Н.Н.¹
¹Баишев университеті

ДӘСТҮР ЖӘНЕ ДІН: РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

Аннотация

Бұл мақалада дін мен дәстүр сабақтастығы жас ерекшеліктеріне сәйкес тілдік бірліктер материалдары негізінде салыстырылған. Дін мен дәстүр сабақтастығының лингвомәдени тұрғыдан сипатталуы.

Кілт сөздер: *дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, сана, ой, тіл, мәдениет.*

Дін – дүниедегі әрбір жан иесінің қалауынша өмір сүру ұстанымы, екі дүниеде де бақытты болуға жетелер нәзік жол. Дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. Әрбір ұлттың ұстанар діні, өзіндік ғұрыпы, дәстүр сабақтастығы мен бір ұлтты екінші ұлттан өзгешелейтін мінез-құлық ережесі және өмір сүру ерекшелігі болады. Ел болып қалыптасу үшін бірқатар тіректердің болуы қажет, яғни, діні, тілі, жері, тарихы, ұлттық тағамы, ұлттық салт – дәстүр мен әдет-ғұрып. Біз өзіндік ділі, тамыры терең құндылықтары, сүйенер, қуат алар бай рухани мұрасы бар халықпыз. Діні мен дәстүрін бөліп жармай, бір белдеудің көлемінде ұстануды жөн көрген ата-бабаларымыздың діни дәстүрді қалыптастырғаны тарих беттерінде анық бейнеленген.

Халқымыздың тұрмысында сақталған адам баласының даму кезеңдеріне сай орындалатын діни дәстүрлер бар. Жаңа туған нәрестені қырқынан шығару, шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер, ер баланы сүндеттеу, тоқымқағар өткізу.

Міне, бала өсіп, қыз ес жиып, бой түзей бастағанда, ата-аналарының құда түсіп, сырға салу, үйлену тойы, құда шақырып, кит киісіп, қыз ұзатып, келін түсіру әрекеті қатар жүріп отырады. Үй болып, отау тігуге, жаңа түскен келіннің төркіндеуіне байланысты қаншама әдет – ғұрыптар бар.

Осындай әдет-ғұрып, салт-сананың жалғасы ретінде қартайып, өмірден озғанда жоқтау айтып, жылын өткізу, асын беру, аруақты риза ету тәрізді түрлі салт-дәстүрлер орындалып жатады. Бір қызығы, тал бесіктен жер бесікке дейін орындалатын сан түрлі әдет-ғұрып, салт-сана бір жүйеге түсіп, үзіліссіз қайталануы арқылы ұлттық санамыз, рухани, тарихи жадымыз ұлттық құндылыққа айналып, халқымыздың болмысын қалыптастырады екен [1; 3].

Ал енді осы салт – дәстүрлердің діндегі көрінісіне, лингвомәдени мәніне назар аударсақ.

Шілдехана салты:

Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айырылып, қайғыдан қан жұтады. Құдай тағала оны жұбату үшін Сүлейменді береді. Дәуіт қайтадан ес жиып, өзіне өзі келген соң, жалғыз ұллының тілеуін тілейді. Сүлеймен дүниеге келгеннен қырық күн өткенде Жебірейіл періште келіп:

- Дәуіт, Тәңірі өзінің Раббы деген сипатымен Сүлейменнің рухын қырық күн бойы құддыс (киелі) әлемде әбден ширатып тәрбиеледі. Енді қырық күн өтті. Құдай қаласа, осы ұлың сенің ізінді басатын ұлық Пайғамбар болады. Ұлыңның қуанышына қауымыңды шақырып той жаса, - дейді.

- Ләббай, - деп құлдық ұрады. Ел – жұртын жинап, той жасап, сарайын шаттық, думанға бөлейді. Осыдан кейін ата – аналар жаңа туған баланың құрметіне қырық күннен кейін той жасап, «біздің де баламыз Сүлеймендей болсын», «Бөбегіміздің рухы кемелденіп ширасын» деп ырымдайтын болыпты. Шілдехана салты содан қалған екен, - дейді зерттеушілер [2; 32].

Бұл діни тәпсірі. Осы күнге дейін жеткен «Шілдеhana дәстүрі» халық қашаннан бері тойлап, насихатталды деген әлі де зерттеуді қажет етсе керек.

Шілдеhana шілделік, шілде күзет – өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы адам өмірге келгеннен кейін, жақындарына сүйінші сұрап жаушы жібереді. Сүйінші хабарды жеткізгендер ұл туса – “ат ұстар” немесе “жылқышы”, қыз туса – “көйлек тігер”, “қырық жеті” немесе “сауыншы туды” деп хабарлаған. Одан кейін туған-туыстар, көршілер және алыс-жақын ағайындар Шілдеhanaға жиналады да “бауы берік болсын” деп тілек айтып, шашу шашып келеді. Шілдеhana мәні алғаш нәрестені жын-періден қорғап, “күзету” деген сенімге саяды. Сондықтан оны “Шілде күзет” деп те атайды. Бұл ғұрыптың түпкі мәні бала мен ананы тіл-көзден сақтау, жын-шайтандардан қорғау дегеннен туындаған. Яғни шілдеhana – бала туған күні жүзеге асырылатын дәстүр.

Баланы қырқынан шығару дәстүрі:

Қазақ салтында нәрестені қырқынан шығару кезінде оның тырнағы мен шашын алады. Бұл ғұрыпты көбіне әділдігімен аты шыққан, көркем мінез – құлықты кісіге жасатады. Мұсылмандар Ібілістің адам тәнінде дәрет сындыратын жері – тырнақ асты деп сенеді. Адамның тырнағы алынбай, асты кірге толса, Ібіліс сондай лас жерді аңдып жүреді екен. Қазақта ұсақ – түйек өсек сөздерді жинап теріп – жүретін адамдарды «Тырнақ астынан кір іздейді» деп сипаттау осыдан қалыпты. Адам өліп, мәйіті көрге қазылған соң, қабір азабы оның тырнағының астынан басталады. Ал, шашын алатын себебі: Ібіліс бей-берекет шашылып жатқан шаш қылынан тон киіп алыпты. Өзіреті Әли:

- Ей, малғұн, үстіңдегі тонды қайдан алдың? – дейді. Ібіліс:
- Адамдар шаштарын алдырған соң, далаға тастай салады. Мен соларды жинап – теріп, өзіме тон тоқып киемін.

Осыған орай қазақ арасында нәрестенің бірінші алынған шашын сақтап қойып, өскесін өзіне тұмар етіп тағатын ғұрып шыққан. Сенім бойынша Ібіліс ол балаға әсер ете алмай, діңкесі құриды екен. Қазақ арасында шашты далаға бей-берекет тастамау керек деген түсінік кең тараған [2; 31].

Қарқынан шығару дәстүрі қазіргі тілдік нормамызда да кеңінен қолданыста. Оның дәлелі бұл дәстүрдің халық арасында кеңінен тарап, ұрпақтан – ұрпаққа өзгеріссіз сақталуы. Осы дәстүр арқылы жаңа туған нәрестені көптеген жамандықтардан сақтағаны анық.

Жоғарыдағы дерекке сүйенсек, діни тұрғыдан алғанда қарым шаш пен тырнақ алыну Ібілістен сақтанумен байланысты түсіндіріледі. Адамзат түсінігіндегі дінге дейінгі уақыттарда қалыптасқан мифологиялық, ауыз әдебиеті мысалдарына жүгінсек те осы іспетті ойлар бар (адамдардың кеңістікті үшке бөліп төменгі бөлікті жын-пері, дию, жыландар мекені ретінде көрсету, жезтырнақ персонажы т.б). Ал тамыры терең түркі мәдениетінде ол тазалық сақтау, күтім жасау, эстетикалық талғам секілді дүниелеріне астасса керек.

Сүндеттеу салты:

Бір күні Жаббар Хақ Жебірейіл періштеге:

- Досым Мұхамбеттің дүниеге келетін уақыты жақындап келеді. Бүгін таң сәріде ұйықтамай отырған момын пендемнің үстіне Мұхамбеттің нұрын шаш, - дейді. Жебірейіл ұйықтамай отырған тақуаны таба алмайды.

- Тек бір дінсіз адам пұт жонып отыр екен, - дейді. Қайта жібереді. Бұл жолы да таба алмай оралады.

- Дүниені шарладым. Әлгі дінсізден басқа ояу отырған бір адамды таба алмадым. Бәрі ұйқыда, - дейді.

- Олай болса, соның үстіне шаш, - дейді. Ұйықтамай пұт жонып отырған Ыбырайымның әкесі Азар еді. Періштелер:

- Иә, Тәңірім, бірақ ол саған емес, пұттарға табынады. Кейінгі адам ұрпағы өздерін көп құдайлықтың шырмауынан қалай шығарып алады? – дейді. Тәңірі.

- Мен шебер Құдаймын. Бір іс бастасам, ақырын әуелден көріп, біліп тұрамын. Азардың ұлын сүндеттейсіңдер. Бұл оның бір құдайға табынушы екендігінің айғағы болсын. Одан тараған барша үмбет осы сүндетті ұстансын. Сонда олар көп құдайға шоқынып, надандыққа ұрынудан аулақ болады, - дейді [3; 25].

Мұсылманның парызы – баласын сүндетке отырғызу. Осы парызды іске асыратын кез, яғни сүндеттеу кезеңі жаздың қырық күн шілдесі өткеннен кейін тамыз, қыркүйек айларында. Әрине, бұндайда ата-ана баланы қанша жастан сүндеттеу керек, оның пайдасы, баланың психологиялық дайындығы мен маман дәрігерлердің кеңесін керек етеді.

Үйлену тойы:

Адам ата мен Хауа ананың некесі қиылған соң, жұмақта үлкен той болыпты. Жаббар Хақ:

Менің орынбасарым Адам үйленеді. Олардың сән – салтанатын арттырып, жәннәтті әшекейлеп безендіріңдер. Құлымның көңілін шаттық пен қуанышқа бөлендер. Оған тарту – таралғы сыйлаңдар, - деп періштелер мен хор – ғылмандарға әмір етіпті.

Періштелер жұмақты дүр. Той – думан Туба ағашының түбінде басталыпты. Бұл тойға Жебірейіл перріште басшылық етіпті. Кей діни аңыздар бойынша, адам ата мен Хауа анаға мақтау-мадақ айтылған екен. Екінші бір кітапта Аллаға зікір айтқаны, Мұхаммет пайғамбарға салауат жолдағаны баяндалады. Тойда періштелер Адам мен Хауа анаға құрмет көрсетеді. Сан түрлі тарту – таралғы сыйлайды. Некелерін Ысырапыл мен Мәкаил періштелер қияды. «Неке көкте қиылады» деген тіркес осыдан қалыпты. Кейін Адам ата мен Хауа ана жерге түскен кезде некесін екінші рет Жебірейіл перріште қияды. Мұны жерде қиылған неке деп атайды. Жердегі неке сүндет, көктегі неке парыз болыпты. Қазақ арасында «Құдаларды Құдай қосады, жастарды перріште қосады» деген нақыл сөз осыдан қалыпты [3; 45].

Некелесу барша адамзат мәдениетіне ортақ дәстүр. Әр ел ғұрпында немесе мәдениеті шегінде некеге тұрады. Біз талдап отырған әдебиет діни мәдениетті көркем тәпсірлейді. Соған орай кейбір исламға дейінгі әдет-ғұрып кіріктіріліп кеткен жағдайда діни мәні баса көрсетіледі. Мәселен, құдандалық

қазақтың түркілік дәстүрінен бері жалғасып келе жатқаны анық. Құда түсудің өз қалыптасқан, ерекшеленген мәдениеті бар. Әрине, кейінгі дамуындағы өзгерістер жоққа шығарылмайды.

Бата:

Ыбырайым пайғамбар өте қонақжай адам болыпты. Үйіне келген адамға ас бермей шығармайды екен. Асығыс жолаушының өзіне нан ауыз тигізбей жібермейті.

Бір күні уахи ала келген Жебірейіл періштенің өзін дастарқанға сүйрейді.

Жебірейіл:

-Асыңа рахмет, уа, Тәңірдің Хәлилі. Мен Алланың уахиін жеткізу үшін ғана келдім, - дейді асығып Ыбырайым:

-Уахиды артынан айта жатарсың. Әуелі адал дастарқаннан дәм тат. Маған серік бол, - дейді. Періште амалсыз көнеді. Дастарқанға ас келсе де, періште табаққа қол созбай отыра береді. Пайғамбар:

-Неге дәм алмайсың? – дейді. Жебірейіл:

-Мен періштемін. Бұл дүниенің тамағын ішпеймін. Себебі, бұл дүниенің өз тәртібі бар. Бес күн жалғада ішкен – жегеннің, көрген қызықтың есеп – қисабы бар. Ертең мақшар алаңында бұл пәнидегі ішкен – жегіннің сұрауы болады. Мен соны ойлап, уайымдап отырмын, - дейді.

Ыбырайым езу тартып:

-Сен онда дастарқанға бата беріп, менің отбасыма дұға ет. Астың өтеуі сол болсын, - дейді. Жебірейіл келіседі. Дастарқан басында екеуі рухани сырға толы сұхбат құрады. Періште Ыбырайымның ықылас – пейілін риза болып, астан соң дастарқанға бата жасап, дұға етеді. Жебірейіл кетіп бара жатқанда оны тоқтатып:

-Маған қандай уахи алып келіп едің? Айтпадың ғой, - дейді. Жебірейіл:

-Біздің сұхбатымыз Алланың уахиі депті, - депті.

Осыдан бастап астан соң, дастарқанға бата жасап, дұға тілеу деген дәстүр пайда болыпты [2; 124].

Батаның қазір түр-түрі бар. Ол сонымен қатар өзге халықтар мәдениетінде де кездеседі. Кейбір халықтар ас алдында дұға оқиды. Дастарқанға берілетін батаны қазақ «ас қайтару» деп те атайды және бата көбіне поэтикалық құрылымда айтылады. Оның өзі «батаның» қазақтың ерте даму кезеңінен барлығына дәйек болуы.

Қазақ арасында осы дәстүрдің ұрпақ сабақтастығында берік орныққаны соншама ел арасында мынадай аңыздар көп тараған. Кейбір әулие қарттар айналасында отырған адамдардың түгел ас ішіп болуын күтетін болған. Тіпті керек десеңіз киіз үйдің есігінің алдында жем шұқып отырған торғайлардың да жеп болуын тосып отырған. Рухани сұхбатты уахиға теңегендіктен де әулие адамдар дастарқан басында дүние сөзін сөйлеп, мағынасыз сұхбат құрудан сақтанған.

Қорыта айтқанда, салт – дәстүр – рухани мәдениеттің негізгі аспектісі. Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттарының бірі... Оның негізгі бір сипаты – оның тұрақтылығы оңайлықпен

өзгере салмайды, тіл арқылы ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді.

Тағы бір ескеретін нәрсе – қазақ халқының мәдениетінің терең тамырымен байланысты өрбіген салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары кейінгі дамуына сай қайта интерпретацияланатындығы.

Қоғам дамуымен байланысты өзгерістер барша салаларды қамтитындықтан және жігі білінбей тұтастықта өрбейтіндіктен кейін қайсысы қай кезеңде пайда болғанын ажырата алмауға да әкеледі. Әрине, әрбір қоғамдық сананың жасаушылары да адамдар тобы, соның ішінде идеяларға белсенді адамдарға тәуелді. Орлардың да белгілі шектегі мүдделері мен оң/теріс немесе артық-кем тұстары болмақ. Ілгері дамуда кейінгі дамудың озық тұсы шамшырақ болып, тозығы қалдырылып отыруына ықпал ететіндер де ойға жүйрік, озық адамдар легі. Сондықтан әр түрлі рухани құндылықтарды жеткізу мен сақталуына жұмыс жасағанда олардың өз қарекетіне жауапкершілік, адалдаық, ар қағидаттары өлшем болса, ол адастырмас шешім деп бағалаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Керімбай, С. Әлдиден эпосқа дейін / С.Керімбай, Б.Бопайұлы / Отбасы хрестоматиясы. – Алматы: Орхон, 2015. -3 б.
2. Керімбай, С. / Салт – дәстүр сөйлейді / С.Керімбай, Б.Бопайұлы / Отбасы хрестоматиясы. – Алматы: Орхон, 2017. -32 б.
3. Малғажұлы, Е. Дін мен дәстүр: I кітап / Е.Малғажұлы. – Алматы: Гибрат, 2013. -25 б.

*Сарсенова А.П.¹, Аитова Н.Н.¹
¹Баишев университет*

ТРАДИЦИЯ И РЕЛИГИЯ: ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЕ СОДЕРЖАНИЕ ДУХОВНОЙ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ

Аннотация

В этой статье преемственность религии и традиций сравнивалась на основе материалов языковых единиц в соответствии с возрастными характеристиками. Лингвокультурная характеристика преемственности религии и традиций.

Ключевые слова: *религия, обычаи, традиции, сознание, мысль, язык, культура.*

Sarsenova A.P.¹, Aitova.N.N.¹
¹Baishev University

TRADITION AND RELIGION: LINGUO-CULTURAL CONTENT OF SPIRITUAL CONTINUITY

Abstract

In this article the continuity of religion and tradition has been compared on the basis of the language units` materials in accordance with the age characteristics. Linguo-cultural characteristic of continuity of religion and traditions is shown.

Keywords: *religion, customs, traditions, consciousness, thought, language, culture.*

МРНТИ 16.21.21

Султан Ж.И.¹, Атабаева Ж.Б.¹
¹Баишев университеті

ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ БЕЙНЕСІ МЕН СИПАТЫ

Аннотация

Бұл мақалада әлемнің тілдік бейнесі әртүрлі мәндік сипаттамасы бар концептілер қарастырылады. «Қазан», «от» концептілерін әртүрлі классификациялар шеңберінде қарастыру мүмкіндігін анықтау үшін концептінің кейбір типтеріне талдау жасалды, сонымен қатар аталған тілдік бірліктердің лингвомәдени бейнесін сипаттадық. Сөздердің сырын біліп, қолданылған жердегі мән-мағынасын ашып түсіндірдік.

Кілт сөздер: *лингвомәдениет, этномәдени концептісі, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тұрмыстық қажеттілік.*

Белгілі бір ұлттың дүниеге көзқарасын, өмір сүру ерекшелігін, талғам-танымын, ұлағат-өнегесін оның рухани мәдениет үлгілерінен - салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпынан көруге болады. Қазақ халқының дүниеге шыр етіп нәресте болып келгенінен қайтыс болғанға дейін, яғни тал бесіктен жер бесікке дейінгі салт-дәстүрлерінің барлығы рухани мәдениет негіздері болып саналады.

Әлемнің тілдік бейнесі біртекті құрылым емес, ол әртүрлі мәндік сипаттамасы бар концептілерден жинақталған. Концептілердің бәрі де бірнеше түрдегі шеңберде қарастыруға мүмкіндік береді және концептінің әртүрлі типтерінің барлығын детерминдейді. Зерттеліп отырған «қазан», «от» концептілерін әртүрлі классификациялар шеңберінде қарастыру мүмкіндігін

анықтау үшін концепттің кейбір типтеріне талдау жасап көрейік, сонымен қатар аталған тілдік бірліктердің лингвомәдени бейнесін сипаттауға тырысамыз.

Мәселен, қазақ ұғымында әр отбасының тоқшылығы мен берекесінің белгісі болып қазан алынады. *Қазан* - әр отбасының күніне үш мезгіл ас пісіріп ішетін ыдысы. Қазанға пісірілген ас дәмді, әрі жұғымды. Сондықтан да болар қазан ұрпақ жалғасуы мен отбасы берекесінің символы болып табылады. Осыған байланысты Н.Үәлиұлы төмендегідей тұжырымдама жасайды: «Қазан мен қара мылтықтың» қасиетті жетінің қатарында айтылуы тегін емес. Қазанның құлағын қағу, қара қазан, сары бала, қазан төңкерту тәрізді сөз орамдары жайдан-жай айтылмаған. Қазақтың ертегі жырларында алтын қазан іздеу салты бар.

*Сөз тыңда, құлақ салып, балам, маған
Астында дарияның алтын қазан,
Әкелсең, сол қазанды ерлік қылып,
Беремін, Күнсұлуды қосып саған.*

Академик Ә.Марғұлан бұл сюжетке ерекше назар аудартып, онда терең мазмұн жатқанын тамаша дәлелдеген; «Құламерген» жырында теңіз астынан қазан іздеутайпалар демократиясының бірлігін сипаттайды. Қазан – шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса ел де құриды. Оның үстіне қазанды қастерлеу – ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке халқының аңызында жолығатын «қара қазан», «қара мылтық» алу – жаудан кек қайтару белгісінің ескі түрі. Тәуке жарғысы бойынша бұрын жауласқанда «шаңырақ», «қазан» сындырып кек алудың орнына, енді оны сындырмай жәбір көрген жаққа сол нәрселердің өзін беріп тыныштық жасайды. [1, 18].

Қазанның осы символдық белгісі туралы этнограф С.Кенжахметұлы былай дейді: «Қазанның басқа да ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарханына түсетін тағамның барлығы да ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде «қара» сөзі – қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда да қазанның алатын айрықша орны бар. Қазанын сындыру – отбасын ойрандаудың, қазанды төңкеру – аштықтың, масқаралаудың белгісі. Жеті жарғыда» өлім жазасына кесілген адам жеті айып төлеп құтылса, оның біріншісі – қара қазан төлеуі деп аталған. [2, 128].

Халқымыздың жауынгер ұлы Махамбет елдің қамын ойлап, ел тоқтығымен берекесі үшін күреске шыққанын «қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік», - деп көрсетеді. Қай дәуірде де жауынгер қазақ халқы қазанының қаймағы бұзылмауы үшін жорыққа шығып, ерлік таныта білген. Қазанға байланысты тоқшылықты, берекені білдіретін дәстүрлер де бар. Мысалы, жарысқазан ырымында босанатын әйелдің толғағымен жарыстыра қазанға тамақ қайнатады да, өмірге келер нәресте мен қазанды жарыстырады. Яғни «қара қазан бұрын бола ма, қара қатын бұрын бола ма» деп, сәбидің өмірге тез келуіне тілекші ретінде қазан көтерген, мұндайда ірку, мөлшерлеу, алу деген

болмау керек. Халық түсінігінде қазан береке, тоқшылық белгісі болуымен қатар, қазақы дүниетанымда ғарыш ортасы центрі ретінде де танылған.

Бұған мысал ретінде қазақ хандығының ордасы болып, саналған Түркістанды, Қожахмет Яссауи кесенесін айтуға болады. Бұл кесенеде адам бойындай үлкен қазан бар, қазанда қазақ руларының біріккендік белгісі ретінде ат қылы байланған, байрақтар қадалған. Сондықтан да киіз үй ортасында орналасқан қазан оң мен сол қиылысқан жерде әлем моделінің көлденең құрылымын жасайды.

Яғни, қазан – өмірдің қайнар көзі, жаратылыс басталуының символы. Қазанның осы тектес ұғымына сай тілдердегі қазанға байланысты тұрақты сөз орамдары, мақал-мәтелдер, оның халық өміріндегі алатын орнын айғақтай түседі. Мысалы: «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса», «бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағымыз», «аздың азаншысы болғанша, көптің қазаншысы бол», «қазаны басқаның қайғысы басқа», «қазансыз алтын ошақтан, қара сулы мосы артық» дегеннің өзі қара қазанның әу бастан-ақ үлкен мәнге, қасиетті, киелі ұғымға ие екенін дәлелдейді деп білеміз.

Қазан деген лингвомәдени бірліктің негізінде мынандай қорытындыға келуге болады; тіл белгілі бір мәдени құнды хабарды жинау мен аяқтау қызметін атқарады. Кей уақытта бұл хабар қазіргі кезеңдегі тілді қолданушы жоқ болуы мүмкін. Өйткені, ол ғасырлар қойнауына тиесілі болып, кілтін тапқанда ғана ашылады.

Келесі лингвомәдени бірлік От, ошақ сөздеріне назар аударсақ, халық отты өте жоғары бағалады. Оны қасиетті, шарапатты әулие деп ұқты. Алғаш күн күркіреп, найзағай ойнағанда, «сүт көп, көмір аз» деп үйді айнала жүгіріп, ожаумен ұру ырымы да оттың құдіретті күшіне жалбарынуудан шыққан болуы керек. Түркі халқында, әсіресе қазақтарда «отқа әулиеше табыну бар», - деп Шоқан Ұәлиханов жазып кеткен [3, 208].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқының салт-дәстүрлерін жинақтап, оны баспа бетіне ұсынған ғалымдардың бірі – Мұхтар Қазбеков. Ол өзінің еңбегінде: «Отты киелі деп санаған қазақ халқы жаңа түскен жас келінді табалдырықтан оң аяғымен аттата сала *«От-Ана! Май-Ана! Жарылқа! Жарылқа!»* деп отқа май құйғызады. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі *От-Ана* – қазақтардың мифологиялық кейіпкері *Үт бикеш* те, ал *Май-Анамыз – Ұмай Ана*» деген деректі келтіреді. [4, 21]. *Отқа май тамызу дәстүрі* біздің батыс өңір бойынша Маңғыстау облысында әлі күнге дейін сақталған. Беті бүркемеленген келін тойшыларды қақ жарып өтіп, жігіт әкесі үйінің табалдырығын оң аяғымен аттайды. От басына жеткенше үш мәрте сәлем беріп, отқа май құяды. Содан кейін барып беташар салты орындалады.

Сондай-ақ ғалым еңбегінен қазақ халқының отты киелі тұтудың мынадай бір үлгісін сөзге арқау етеді: «Қараңғы түсе екі жерге үлкен-үлкен от жағылады. Жас ерекшеліктеріне қарай топ-топ болып осы екі от ортасынан өтіп бара жатып қолдарындағы басына майлы шүберек ораған таяқтарын тұтатады. *«Алас, алас, пәледен қалас!»* деп хормен өлең айтып, айнала төңіректі отпен тазалап шығады, жастар жағы жанған оттан секіреді. Оттың киелі қасиетіне

сенуден пайда болған бұл тазарту (арылу) рәсімі – «*аластау*» деп аталады [4, 22].

Отпен аластау рәсімі осы күнге дейін жойылмай, әр шаңырақты пәле-жаладан, тіл-көзден тазалау барысында қолданылады. Сонымен қатар, жас нәрестені ең алғаш бесікке саларда да, бесікті отпен аластап, оның жастығының астына оттықты қояды. Бұл да жас нәрестені пәле-жаладан қорғаудың бір түрі.

Қазақ елі барша халықтар сияқты еңсесін сала еңбек ете білетін, талай ұлттар мен жұрттарды озық өнерімен тамсандыратын думаншыл-сауықшыл елдердің бірі ретінде танылады. Қыз бен жігіттің бас қосып отау тигуіне дейін күйеу баланың ресми түрде қалыңдығымен кездесуге баруда ұйымдастырылатын ұрын той кезінде «*қыз қашар*» өткізіледі. Күйеу бала қалыңдығымен кездескенше түрлі ырымдарды орындап, кәде үлестіреді. От орнына жеткенше күйеу жігіт аруақтарға, отағасы мен қыз шешесіне арнап үш рет иіліп, тәжім етеді. Сол сәтте ауылдың үлкен апасы оған отқа бір қасық май құйғызады. Лап ете түскен от қызуына алақандарын тосып, «*Киіз үйдің иесі, жанған оттың иесі, Ұмай ана риза болсын!*», «*Оттай опалы бол*» деп, алдымен маңдайына, одан соң төстеріне тигізу ырымын істейді. [4,62].

Жүкті әйелдің босануына үш ай қалғанда (бұл кезді қазақ халқы «ұзын толғақ» деп атаған) көргені көп аналар «бөпең айдай сұлу болсын» деп, айлы түнде келінін көлге шомылдырса, ай сұлу болғанымен қызуы жоқ, сондықтан шомылған көлдің жағасынан шөп жұлып әкеліп, үйіндегі жанған ошаққа тастайды. Тіліміздегі «*Айдай сұлу, оттай жылы болсын!*» деген тілеу осы ырымға байланысты қалыптасса керек [4, 82].

Қазақ халқы дүниеге келген баланың түскен кіндігіне де ерекше мән берген. Ер баланың кіндігін ырымдап «үй күшік болмасын» деп қырдан асырып лақтырып жіберсе, қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген оймен *от басы, ошақ түбіне* көмген екен [4, 90].

Қазақтардың астрономиялық түсінігі бойынша, жаңа жылдың (Ұлыстың ұлы күні – Наурыз айы) бірінші күнінде аспандағы Күн егер жанған оттай қызарып, қан қызыл болып шықса немесе күн түсі сары қызыл тартып ыстық леп бірден бетке ұрып, шақырайып шықса, ол жылы өрт көп болады немесе шалғынды далада жиі-жиі өрт шығады деп болжаған [4, 23].

Бұрынғы ата-бабаларымыз бәле-жала оттан қашады деген діни наным-сенімде болса, бір-біріне деген ізгі ниетін «*от басы, ошақ қасың аман болсын*», «*жаққан отың сөнбесін*» дегендей игі тілектермен жеткізген. Сондай-ақ тұңғыш, ең алғашқы бала, келінін «*отымның алды, суымның тұнығы*» десе, күш-қуат, қажыр-қайрат, жігерлі ер жігіттерді «*жүрегінде оты бар*» дескен.

«Қазақ тілінің сөздігінде»: «*От*» *концептісінің* екі түрлі негізгі мағынасы ашылған. Біріншісі, *от* – қызуы аса күшті алаулаған жалын. Ауыспалы мағынада күш-қуат, қажыр-қайрат, жігер. *От киіз* – киіз үйдің төрінен от басына дейін жететін астыңғы беті қара жүннен, үстіне өрнек салған сырмақ, әшекейлі текемет. *От ала келгендей* – өте асығыс жүрген адамға айтылады. *От алғалы тұр* – бәле іздеуге, бүлдіруге дайын тұр. *От алып ораққа түсті* – ештеңеден тайынбады. *От ауызды [от ауызды, орақ тісті]* – өткір тілді,

ділмар, шешен. *От басы* [*от басы, ошақ қасы*] – үй іші, бала-шаға. *От басында отыр* – үйкүшік болып, күйбің шаруамен айналысты. *От басыңнан өрт шықсын!* [*қарғ.*] – үй ішіннің астан-кестені шықсын, ойран болсын! *От берді* [*қойды, салды*] – желіктірді, өшіктірді. *От боп жанды* [*күйді*] – қатты күйінді, күйзелді. *От жағып, күл шығарды* – үй-ішінің күйкі жұмысымен айналысты. *От жүрек* – еш нәрседен қорықпайтын батыл, қайсар. *От кешіп, мұз төсенді* – өмірдің ащы-тұщысын көп көрді, азап шекті. *От көзді* – жанары өткір, айбатты. *Отқа итерді* – пәлеге айдап салды. *Отқа күйіп, суға батуға бар* – жанын пида етуге дайын. *Отқа күймейтін, суға батпайтын* [*отқа салса жанбайды, суға салса батпайды*] – жаны сірі, мықты. *Отқа май құйды* – даудамайды өршітті, жел берді. *Отқа оралып, суға сүрінбе!* – пәле-жаладан аулақ бол! *Отқа салды* – азап тартқызды, қинады. *Отқа табынды* – отты пір тұтып, соған сыйынды. *Отқа түсті* – біреу үшін жанын пида етті. *Отпен ойнады* – пәлеге ұрынды, соқтықты. *Отқа салды* [*тастады*] *тұтатты* [*үрледі, жақты*] – араларына жік салды, араздық тудырды. *Отымен* [*отпен*] *кіріп, күлімен* [*күлмен*] *шықты* – есікте жүрді, күң болды. *Отымның алды, суымның тұнығы* – тұңғыш, ел алғашқы бала, келін. *Оты өшпеді* – шаңырағы иесіз қалмады, аты ұмытылмады.

Екіншісі, *от* – малға азық боларлық шөп. *Отқа қойды* – малды шөпке жіберді. *Оттан қалды* – шөп жей алмады, жайылмады. *Оты қанды* – тойынды. *Оты қаишты* – жердің шөбі таусылды. *Отын оттап, суын ишти* – біреудің жерін мекендеді [5, 501].

Ата-бабаларымыздың тыныс-тіршілігі төрт түлік малмен байланысты болғандықтан «*от*» лингвомәдени бірліктек қана «қызуы күшті алаулаған жалын» деген мағынамен шектеліп, адамға ғана қатысты айтылмайды. Оған қоса, малға азық боларлық шөпті де *от* деп атайтынын жоғарыда көрсетілген сөздіктен көріп отырмыз. «Ақтылы қой, алалы жылқы» үшін халқымыз қайырымсыз шөлді де, асқар-асқар тауды да, ойда жатқан құм мен сорды да рет-ретімен игере білген. Даламыз қанша кең болғанымен, пайдасыз бос жатқан жер болмаған. Отына (шөбіне) қарай төрт түлікке лайықтап та түр-түрге бөліп пайдаланған. Мәселен: *ақ от, боз от, жасық от, көк от, қара от, құм оты, киік оты, қыр оты, торғай оты, марал оты, т.б.* көптеген түрлері бар. [6, 189-191]

Халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік дүниесіндегі қымбат қазыналардың бірі. Онда халықтың сан ғасырлық өмір тәжірибесі мен зердесі, адамзаттың жүріп өткен даму жолындағы күресі, жеңісі, ізденісі, танымы мен түсініктері жинақталған. Адам баласы шыр етіп жерге түскеннен дүниеден өткенге дейінгі уақыт аралығында үнемі салт-дәстүрлердің аясында болса, біз бұл орайда от концептісіне қатысты салт-жоралғылардың этномәдени сипатын ашуға тырыстық.

От – киелі. От – қасиетті. Сондықтан да «*от*» ұғымы қазақ ұлты үшін жәй ғана тұрмыстық қажеттілік емес, сонымен бірге, этномәдени концепт деген тұжырым жасаймыз. Сөздердің сырын біліп, қолданылған жердегі мән-мағынасын түсіну, олардың түп-төркінін танып білу, қазақ тілінің сөз сырына

үңілу әсіресе қазіргі уақытта қазақ тілінің дәрежесін арттыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың бір тамшысындай болса да, өзіндік қосқан үлесіміз, рухани парызымыз деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы 1985, –368 б
2. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. Алматы, 1997, 128 б..
3. Галиев А.А. Традиционное мировоззрение казахов. Алматы, 1997, 167 с.
4. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер (Құрастырған М.Қазбеков) Алматы: Қазақстан, 1991 – 256
5. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
6. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 480 бет.
7. Маслова В.В. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – 2-е изд. стереотип. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 208 с.

*Султан Ж.И.¹, Атабаева Ж.Б.¹
¹Баишев Университет*

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ ОБРАЗ И ХАРАКТЕР ЯЗЫКОВЫХ СОЮЗОВ

Аннотация

В данной статье рассматривается понятия языкового образа мира, которые имеют разные характеристики. Чтобы определить концепции слов «Казан», «пламя» проводили разбор а также описали лингвокультурный образ и характер языковых союзов. Мы разъяснили и объяснили значение слов.

Ключевые слова: *лингвокультурный образ, этнокультурное понятие, традиции и обычаи, бытовая необходимость.*

*Sultan Zh.I¹, Atabayeva Zh.B.¹
¹Baishev University*

LINGUISTIC AND CULTURAL IMAGE AND THE NATURE OF LANGUAGE UNIONS

Annotation

This article discusses the concepts of the linguistic image of the world, which have different characteristics. To define the concept of the words "Kazan", "ot" conducted analysis and described the linguocultural image and nature of the linguistic unions. We explained and explained the meaning of the words.

Key words: *linguistic and cultural image, ethnic and cultural concept, traditions and customs, a household necessity.*

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 82.13.37

Балгинова К.М.¹, Кекильбаева Д.И.¹
¹Баишев университет

АНАЛИЗ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Статья посвящена исследованию экономического развития Актюбинской области. Проведен анализ динамики ВРП области, в том числе в разрезе отраслей за 2013-2017 годы, определен вклад административных территорий в ВРП области, исследована динамика объема инвестиций в основной капитал Актюбинской области в 2017 году.

Ключевые слова: *социально-экономическая политика, мониторинг, население, валовой региональный продукт, выпуск продукции, регион.*

Современная социально-экономическая политика Республики Казахстан, характеризующаяся интенсивным развитием экономики расширением, требует организации эффективного управления регионами, основанной на мониторинге, оценке и прогнозировании. Мониторинг является своеобразным инструментом, с помощью которого выявлять приоритетные направления развития экономики, выявлять резервы устойчивого и сбалансированного развития региона.

Как инструмент диагностики и оценки мониторинг должен максимально удовлетворять потребности органов государственного управления в информации о протекающих в регионе социально-экономических процессах. С другой стороны, для обеспечения максимально достоверных результатов мониторинг органы государственной власти региона должны решить такие проблемы как:

- высокоэффективное налаживание сбора информации, вследствие большого количества характеризующих социально-экономическое состояние региона показателей;
- полная и объективная оценка протекающих в регионе процессов, явлений и изменений;
- прогнозирование возможных вариантов развития экономики региона;
- выявление положительных и отрицательных факторов, влияющих на социально-экономическое развитие региона и своевременная разработка мероприятий, направленных на нивелирование негативных и усиление позитивных факторов [1,2].

Одним из путей решения вышеперечисленных проблем является организация мониторинга и прогнозирования развития социальных и экономических процессов, протекающих в регионе.


Рассмотрим социально-экономические показатели Актюбинской области как одного из крупных регионов Республики Казахстан

Актюбинская область расположена в северо-западной части страны, площадь области составляет 300,6 тыс. км или около 11% территории страны, занимая второе место после Карагандинской области. Область имеет общие границы с шестью областями Казахстана и двумя странами СНГ-Россией и Узбекистаном. Помимо этого, область связана территориально со всеми, кроме восточного, регионами Республики.

Население области на 01 января 2018 года составляет 857,7 тысяч человек, которые проживают в 12 районах, 8 городах, двух поселковых округах и 372 населенных пунктах [3].

Социально-экономическое развитие Актюбинской области в настоящее время осуществляется в соответствии с Программой развития территории Актюбинской области на 2016-2020 гг. [4].

Несмотря на то, что область является одним из доноров республиканского бюджета, доля валового регионального продукта области в ВВП Республики Казахстан составляет по данным Комитета по статистике МНЭ РК от 4,3 % до 5,0%. Как видим, объем ВРП возрос за анализируемый период на 0,4 трлн.тенге, однако в объеме ВВП доля ВРП области сократилась на 0,7% (рисунок 1).



Примечание- источник: Комитет по статистике министерства национальной экономики РК

Рисунок 1. Динамика ВРП Актюбинской области, трлн.тенге

Объем валового продукта, произведенного в регионе, составил в 2017 году – 2,26 трлн тенге или, если сравнить с показателем пятилетней давности, в 2013 г. его величина составила 1,84 трлн тенге. То есть за пять лет данный показатель возрос на 22,8% (таблица 1).

Анализ структуры валового регионального продукта за 2017 год показывает, что наибольший удельный вес занимает производство промышленной продукции - 1597086,0 млн тенге (43%), транспорт и связь - 295900,7 млн тенге (13,1 %), продукция сельского хозяйства - 200631,3 млн тенге (8,9 %), строительство – 157313,0 млн тенге (7,0%), прочие услуги - 12490,2 млн тенге (0,7 %).

Таблица 1. Динамика валового регионального продукта Актюбинской области, млн. тенге

Показатель	2013 г.	2014г.	2015г.	2016 г.	2017г.	2017 г. в % к 2013 г.
Всего	1843922,7	1926239,6	1769175,2	2071115,8	2263421,2	122,8
Промышленность	1285682,0	1243377,0	1014433,0	1291055,0	1597086,0	124,2
Сельское хозяйство	151026,50	157258,0	165244,3	183965,3	200631,3	132,8
Строительство	186168,0	206837,0	124708,0	137049,0	157313,0	84,5
Транспорт и связь	202235,7	227605,9	243538,5	280535,0	295900,7	146,3
Прочие услуги	18810,5	91161,7	221251,4	178511,5	12490,2	66,4
Примечание. Составлено по данным сайта www.stat.gov.kz						


Проведенный нами анализ позволил установить, что рост промышленной продукции достигнут за счет хозяйственной деятельности предприятий горнодобывающей промышленности и разработки карьеров (их доля в объеме промышленной продукции за эти годы колеблется в пределах от 76,6% в 2013 году до 59,7% в 2017 году) и роста показателей предприятий обрабатывающей промышленности. Можно заметить, что за исследуемый период доля обрабатывающей промышленности в общем объеме возросла в 2 раза с 17,7 % до 33,3% (таблица 2).

Таблица 2. Доля отраслей промышленности Актюбинской области в объеме производства промышленной продукции за 2013-2017 годы, %

Наименование отраслей промышленности	Удельный вес отраслей промышленности				
	2013 г.	2014 г.	2015 г.	2016 г.	2017 г.
Горнодобывающая промышленность и разработка карьеров	76,6	72,1	64,9	63,7	59,7
Обрабатывающая	17,7	20,8	26,1	28,5	33,3

промышленность					
Электроснабжение, подача газа, пара и воздушное кондиционирование	4,7	6,1	8,2	7,1	6,2
Водоснабжение; канализационная система, контроль над сбором и распределением отходов	1,0	1,0	0,9	0,7	0,8
Примечание. Составлено по данным сайта www.stat.gov.kz					

Анализ вклада административных территорий в ВРП области за 2017 год показал, что наибольший вклад в ВРП приходится на областной центр – 527,8 трлн.тенге или 33% объема выпущенной промышленной продукции (рисунок 2)



Примечание- источник: Комитет по статистике министерства национальной экономики РК

Рисунок 2. Выпуск промышленной продукции в Актöбинской области за 2017 год

Как видно по данным рисунка 2, наибольший вклад в выпуск промышленной продукции внесли Мугалжарский (425,0 трлн.тенге или 26,6%), Хромтауский (261,2 трлн.тенге или 16,3%), Темирский (178,4 трлн.тенге или 11,2%), Байганинский (161,9 трлн.тенге или 10%) районы. В совокупности на их долю приходится 64,1 % всей произведенной в 2017 году промышленной продукции. Отметим, что в перечисленных районах(кроме Хромтауского) осуществляется добыча углеводородного сырья, в Хромтауском районе осуществляется добыча хромовой руды и других видов металлических руд [5].

Анализ данных Комитета по статистике министерства национальной экономики Республики Казахстан показывает, что в сфере обрабатывающей промышленности наибольший удельный вес приходится на металлургическую промышленность, следует отметить, что доля металлургической

промышленности ежегодно возрастает (с 31% в 2013 году до 56% - в 2017 г.), при этом незначительно снизилась доля произведенной прочей неметаллической минеральной продукции (с 11% до 4%), готовых металлических изделий, кроме машин и оборудования (с 3% до 1% в объеме обрабатывающей промышленности), на 56% сократилось производство мебели (таблица 3).

Рост объемов производства в обрабатывающей промышленности также связан с ростом таких видов обрабатывающей промышленности как пищевая промышленность – на 45,7%, легкая промышленность – на 77,3%, химическая промышленность – на 78% за пять лет. Однако, как было отмечено выше, в структуре обрабатывающей промышленности наблюдается тенденция роста только металлургической промышленности, доля остальных видов промышленности имеет тенденцию к снижению.


Одним из факторов, способствующих развитию регионов, является инвестиционная привлекательность. Росту инвестиционной привлекательности способствуют благоприятные экономические, трудовые, финансовые, производственные и другие факторы, которые в свою очередь оказывают влияние на сложившееся в регионах неравномерное распределение инвестиций.

Таблица 3. Динамика объемов обрабатывающей промышленности Актюбинской области

Показатель	2013	2014	2015	2016	2017	2017г. в % к 2013г.
Обрабатывающая промышленность всего, млн. тенге	228 030	258 758	264 391	367 511	531 508	233,1
в том числе:						
- производство продуктов питания	37 335	35 617	39 942	47 916	54 387	145,7
- производство напитков	8 513	9 439	8 831	7 787	8 645	101,6
- легкая промышленность	705	659	567	738	1 250	177,3
- производство деревянных и пробковых изделий, кроме мебели; производство изделий из соломки и материалов для плетения	356	244	271	234	410	115,2
- производство продуктов химической промышленности	27 439	29 974	28 291	40 469	48 844	178,0
- производство прочей неметаллической минеральной продукции	25 129	26 350	22 174	22 282	23 839	94,9
- металлургическая промышленность,	71 034	80 268	106 536	170 514	295 989	416,7

- производство готовых металлических изделий, кроме машин и оборудования	6 107	7 859	6 863	6 754	6 017	98,5
- производство компьютеров, электронной и оптической продукции	1 659	1 269	593	1 090	1 330	80,2
- производство машин и оборудования, не включенных в другие категории	5 764	5 956	5 584	4 704	6 184	107,3
- производство автотранспортных средств, трейлеров и полуприцепов	1	-	61	116	217	в 217 раз
- производство мебели	1 442	1 245	1 462	1 771	636	44,1
Примечание. Составлено по данным сайта www.stat.gov.kz						

Объем инвестиций в основной капитал области за 2013-2017 годы варьировался между 349,9 млрд. тенге в 2015 году и 526,2 млрд.тенге в 2014 году, в 2017 году объем инвестиций в основной капитал составил 438,0 млрд.тенге или 88,2% к уровню 2013 года (рисунок 3).




Примечание- источник: Комитет по статистике министерства национальной экономики РК

Рисунок 3. Объем инвестиций в основной капитал Актюбинской области, млрд.тенге

Привлеченные в область инвестиции в основной капитал направлены в следующие отрасли промышленности (рисунок 4). Наибольший объем инвестиций за анализируемый период направлен в горнодобывающую промышленность, их доля в объеме инвестиций варьируется от 53,6% в 2016 году до 71,2% в 2017 году. Доля инвестиций, направленных в обрабатывающую промышленность варьируется от 13,8% в 2017 году, до 28,4 в 2016 году. В другие секторы экономики в разные годы было направлено от 5,3% до 17,9%

инвестиций. Результаты данных таблиц 2 и рисунка 7 показывают, что несмотря на уменьшение доли горнодобывающей промышленности и увеличения доли обрабатывающей промышленности в ВРП региона, основной объем инвестиций показывают, горнодобывающая промышленность все так же остается привлекательной для осуществления инвестиций.



Примечание- источник: Комитет по статистике министерства национальной экономики РК

Рисунок 4. Инвестиции в основной капитал по направлениям использования

В разрезе административных территорий области лидирующее положение по притоку инвестиций занимает областной центр, а также Мугалжарский, Байганинский, Шалкарский, Хромтауский районы. Снижение притока инвестиций наблюдается в Айтекебийском и Уилском районах.

Подводя итоги проведенного исследования можно сделать следующие выводы:

1. Результаты анализа показали, что область имеет положительную динамику валового регионального продукта, однако в структуре ВВР страны ее доля остается небольшой. Основной объем промышленной продукции производится в районах, где осуществляется добыча углеводородного и минерального сырья. Соответственно инвестиции направляются в ресурсодобывающие районы (Мугалжарский, Хромтауский, Байганинский, Темирский районы).

2. Территориально-пространственное развитие области так же характеризуется сырьевой направленностью промышленности. В свою очередь такая ситуация приводит к антропогенной и экологической нагрузке на окружающую среду.

3. Учитывая, что запасы углеводородного сырья, составляющего основу экспорта как Актюбинской области так и Казахстана в целом, не бесконечны, а в экономически развитых странах уделяется большое внимание поискам альтернативных источников энергии, нашей стране для повышения конкурентоспособности на мировом рынке следует активно развивать высокотехнологичные и наукоемкие отрасли и выстраивать эффективную инновационную систему.

Список использованной литературы

1. Рычихина, Э.Н. Роль мониторинга в формировании перспективного плана социально-экономического развития муниципального образования // Региональная экономика и управление. – 2010. - № 12. – С. 19.
2. Курдюков С.И. Мониторинг экономического развития региона// Управление экономическими системами: электронный научный журнал. – 2013.-№12.
3. Социально-экономический паспорт Актюбинской области// Департамент статистики Актюбинской области. - Актюбе. – 2018.
4. Программа развития территории Актюбинской области на 2016-2020 годы.
5. [www//stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).
6. <http://aktobe.gov.kz/ru>

*Балгинова К.М.¹, Кекильбаева Д.И.¹
¹Баишев университет*

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ТАЛДАУ

Аннотация

Мақалада Ақтөбе облысының экономикалық дамуының зерттеу нәтижелері көрсетілген. Облыстың 2013-2017 жылдар аралығындағы жалпы өңірлік өнімнің талдауы өткізіліп, аудандардың облыс ЖӨӨ-ге үлесі көрсетілген, негізгі капиталға инвестиция көлемі зерттелген.

Ключевые слова: *әлеуметтік-экономикалық саясат, мониторинг, халық, жалпы өңірлік өнім, шығарылатын өнім, регион.*

*Balginova K.M.¹, Kekilbaeva D.I.¹
¹Baishev University*

ANALYSIS OF THE AKTOBE REGION'S ECONOMIC DEVELOPMENT

Annotation

The article is describe of Aktobe region's economic development. The analysis of the dynamics of the region's GRP, including by industry for 2013-2017, carried out, determined contribution of administrative territories to the region's GRP, and investigated the dynamics of investment in fixed capital of Aktobe region in 2017.

Key words: *social-economic policy, monitoring, population, Gross Regional Product, production, region.*

МРНТИ 11.15.24

Калмагамбетова С.Р.¹
¹Баишев университет

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТТАРЫ-ТИІМДІ ӨРКЕНДЕУ МЕН ӨРЛЕУДІҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Аннотация

Бұл мақалада егемен елдің экономикасы серпінді дамып келе жатқан әлемдегі ең бір қауіпсіз, тұрақты, орнықты мемлекетке айналуына бағытталған жыл сайынғы Елбасы Жолдаулары қарастырылады. Қазақстан өз тәуелсіздігін алған күннен бастап, мемлекет саясатының негізгі басымдығы ретінде азаматтардың әл-ауқатын жақсарту көзделген.

Кілт сөздер: стратегия, патриотизм, саясат, экономика, бизнес.

«Қазақстан егеменді ел ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы» бағдарламасында Назарбаев Н.Ә. экономика саласындағы, яғни қоғамдық өмірдің шешуші саласындағы стратегиясы үш кезең ішінде нарықтық жүйеге өтуді жалғастыру болатынын атап көрсетті:

– *I кезең 1992-1995 жылдарды* макроэкономикалық тұрақтандырудың екі негізгі процестерін қамтиды: меншіктің едәуір бөлігін жекешелендіру және тұтыну нарығын тауарлармен толтыру;

– *II кезең (1996-2005 жылдар)* экономиканың шикізат базасын өзгертуге қадам басу үшін, телекоммуникация мен транспорт жүйелерін жеделдете дамыту, сонымен бірге дамыған тауар және валюта нарықтары, капитал, жұмыс күші, бағалы қағаздар мен интеллектуальды меншік нарықтарын қалыптастыру үшін қажет;

– *III кезең (2006-2012 жылдар)* экономиканың ашық типін жедел қарқынмен дамыту, осының негізінде өтпелі кезеңде стратегиялық мақсаттарға жету және Қазақстанның өлемдік индустриалды елдер қатарына кіруі мен әлемдік саудада позициясының нығайуымен сипатталады.

1997 жылдың қараша айындағы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың қортындысы шығарылды, тежеуші факторлары айқындалып, 2030 жылға дейін жүзеге асыруға көзделген жеті ұзақ мерзімді мақсаттар мен олардың мерзімдері көрсетілді.

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру мына үш кезеңде болуы қажет:

– *1998 – 2000 жылдар;*

– *2001 – 2010 жылдар;*

– *2011 – 2030 жылдар.*

Ұзақ мерзімді басымдылықта Қазақстан Республикасы Президенті: «Қазақстан Конституциясына сәйкес біз әлеуметтік-нарықтық экономика

құрудамыз» деп тағы да атап көрсетті. Қабылданатын заңдар мен шешімдер біздің стратегиямыздың жүйесінде болуы керек.

Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихында «Қазақстан-2030» Стратегиясының ел дамуындағы маңызы жоғары болды. Елбасы 1997 жылғы қазанда «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынды [1].

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды тарихи оқиға. Тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихында «Қазақстан-2030» Стратегиясының ел дамуындағы маңызы жоғары болды. Елбасы 1997 жылғы қазанда «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынды. Бұл құжат егемен елдің экономикасы серпінді дамып келе жатқан әлемдегі ең бір қауіпсіз, тұрақты, экологиялық орнықты мемлекетке айналуына бағытталған ұзақ мерзімді даму жолын белгілеп берді.

Жоғарыдағы Стратегияны іске асырудың алғашқы ұзақ мерзімді кезеңі ел Президентінің 2001 жылғы желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары болды.

«Қазақстан-2030» Стратегиясының келесі кезеңі – Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары болып табылады. Сондықтан өркендеу мен өрлеу стратегиялары саналатын бұл құжаттардың құндылығы тарихи сыннан өтіп жатқандығы анық. Ал Елбасы сарабдал саясатындағы тұрақтылық, бейбітшілік және келісім Қазақстанның жаңа мүмкіндіктерінің кепілі болып қала бермек. Еліміздің әлеуметтік-саяси өмірі мен жағдайын сипаттайтын әр Жолдаудың өзіндік салмақты жүгі бар.

«Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» Жолдауынан бастау алған құжаттарда еліміздің стратегиялық дамуындағы міндеттер көрсетіледі. Ал міндеттердің орындалуы өз кезегінде Елбасының жыл сайынғы Жолдауларымен айқындалады. «Қазақстан-2030» Стратегиясына негізгі қорытындылар жасалған «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауда негізгі міндеттердің орындалуы және қалғандарының орындалу үстінде екендігі тұжырымдалды.

2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру басты мақсатын орындаудағы жаңа саяси бағыттардың міндеттері айқындала түсті.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған күннен бастап мемлекет саясатының негізгі басымдығы ретінде азаматтар әлауқатын жақсартуды көздеді. Заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары саналатын білім және кәсіби машық бағыттары да Елбасы назарынан тыс қалмады. Еліміздің білім беру саласындағы басымдықтары төмендегідей болып белгіленді:

-бүкіл әлемдегі секілді Қазақстанның мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшуі қажеттігі;

-халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз ету;

-жеке бизнестің, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарының, жеке адамдардың әлеуметтік жауапкершілігінің білім беру саласында айрықша көрінуі;

-оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту қажеттігі.

Жаңа патриотизмді қалыптастырудағы мәдениет пен дәстүрлер іргетасын бекіту заңдылықтары, ұлттық интеллигенцияның қоғамдағы рөлі, ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дін төңірегіндегі тұжырымдар айқындалды. Жолдау аясында Мемлекет басшысы болашақтың Қазақстаны төмендегідей болатынына сенімді: «Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары». Мемлекет басшысының Жолдауда ұсынған тапсырмаларын жүйелі және өз мерзімінде орындау Қазақстандағы жаңа саяси бағыттардың іргетасы саналады. Сондықтан «Қазақстан-2050» Стратегиясы Отанымыздың жаңа ұлы жетістіктері мен табыстарын жалғастырудағы тиімді өркендеудің тура әрі берік бағыттаушысы болмақ.

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында әлеуметтік жауапкершілікті барлық деңгейде арттыру қажеттігі аталып көрсетілді. Өйткені, «әлеуметтік жауапкершілігі бар мемлекет адамның даңғазалық ниеттілігін және қол жайып қарап отыратын көңілі мен таптауырындық мінезіне жол бермейді» [2].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономика саясатының осы бағыттарына кеңінен тоқталайық

Президент әлеуметтік ахуалды жақсарту деп — ең маңызды мәселе халықты жұмыспен қамту мәселесі екенін атап көрсетті. Үкімет қазіргі кезде жұмыссыздықпен және кедейлікпен күрес туралы бағдарламаны дайындауда.

Жұмыспен қамту мәселесін шешуде шағын кәсіпкерлікке маңызды рөл берілді. **Аталған бағдарламада шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту,** олардың өкілдері Қазақстан шикізатын өндеуді кеңейтуге, негізделген өндірістерді құруға және дамытуға ат салысуы қажеттілігі көзделеді. Осы жұмыстың негізгісі-бәсекеге қабілетті баға мен технологиялық сапаны қамтамасыз ету.

«Қазақстан – 2050» Жаңа Стратегиясы – ол бір жағынан «Қазақстан – 2030» Стратегиясы шеңберінде өткізілген реформалар курстарының жалғасуы болып табылса, екінші жағынан – бәсекелестіктің жаңа межелеріне арналған Қазақстан дамуының басты бағыттары анықталған дербес құжат болып табылады[3]. Бұл құжатта ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды

экономикалық, саясаттық және әлеуметтік дамудың жаңа деңгейіне әкелетін жеті стратегиялық басымдылықты анықтады.

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм.

2. Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау – ұлттық экономиканың жетекші күші. Осы стратегиялық бағытты шешу аясында Н.Ә. Назарбаев елімізде бизнесті дамытудың аса мол мүмкіндіктері бар екенін атап өтті. Осыған орай, кәсіпкерлікті қолдаудың тетіктері жетілдірілді, бизнестің өсуіне кедергі жасайтын қателіктер жойылды. Сол себептен отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғайтын күші болу керек, ал экономикадағы кіші және ірі бизнестің үлесі 2030 жылға дейін кем дегенде екі есеге өсуі керек.

3. Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары – әлеуметтік кепілдемелер мен жеке жауапкершілік.

4. Білім және кәсіби біліктілік – қазіргі білім жүйесінің, кадрлерді даярлау мен қайта даярлаудың кілтті бағыттары. Осы стратегиялық мақсатқа жету үшін, Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, біз дамыған, бәсекеге қабілетті, жоғары білімді ел болуымыз қажет, атап айтқанда қол жетімді және сапалы білім беруді, интеллектуалды мектептер мен дүниежүзілік деңгейдегі кәсіби-техникалық колледждердің дамуына көп көңіл бөлуіміз керек. Осының барлығы біздің жастарымызды жоғары білімді және бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

5. Мемлекеттіліктің одан әрі дамуы және қазақстандық демократияның дамуы. Елбасының ойынша, бұл стратегиялық мақсаттың шешімі іс-шара кешенімен шартталады, оның ішінде:

– мемлекеттік жоспарлау мен болжамдау жүйесін одан әрі жетілдіру, жоспарлар мен бағдарламалар әзірлеуде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту;

– басқарудың сауатты ортақтандырылуы, орталықтан үкіметтің аймақтық органдарына шешім қабылдау үшін қажетті ресурстар мен құқықтың берілуі;

– кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.

6. Дәйекті және жорамалды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді өрлету және аймақтық пен жаһандық қауіпсіздікті нығайту.

Қазақстанның ұлттық мүдделерін өрлету үшін республика көп бағытты сыртқы саясатты жүзеге асыру керек, ол келесі қағидаттарды есептеу негізінде іске асуы тиіс.

7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көп ұлтты және көп конфессиялық қоғамның жетістік негізі. Бұл стратегиялық басымдылықтың жүзеге асуы қоғамдық келісімінің сақталуы мен нығаюынан тұрады.

Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары тәуелсіз Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалар. Өйткені ондағы қойылатын міндеттер мен жасалынатын пайымдаулар мен тұжырымдамалар әрбір жыл сайын бір-бірімен жалғастық тауып, мемлекеттің тұтастай дамуын жаңаша деңгейге көтеруді айқындайтын, нақты дәлелді көрсеткіштерге негізделген стратегиялық бағыттар.

Еліміздің әлеуметтік мемлекет ретінде дамып, қалыптасуының нақты бағыттары жыл сайынғы Елбасы Жолдауларының ең маңызды арқауы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.1997жылғы 10 қазандағы 2030-Стратегиясы «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты ел халқына жолдауы.www.akorda.kz/.../kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-ne...
2. *Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан ... Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 27 қаңтар.* www.akorda.kz/kz/addresses
- 3.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» 2006 жылғы жолдауы. https://www.mod.gov.kz/kaz/poslaniya_prezidenta

Калмагамбетова С.Р.¹

¹*Баишев университет*

НОВЫЙ ПОЛИТИЧЕСКИЙ КУРС СОСТОЯВШЕГОСЯ КАЗАХСТАНА- ГЛАВНОЕ УСЛОВИЕ ЭФФЕКТИВНОГО ПРОЦВЕТЕНИЯ И ПРОГРЕССА

Аннотация

В данной статье рассматриваются ежегодные Послания Главы государства, направленные на превращение суверенной страны в одно из самых безопасных, стабильных, устойчивых государств в мире с динамично развивающейся экономикой. С момента обретения Казахстаном независимости основным приоритетом политики государства предусматривается улучшение благосостояния граждан.

Ключевые слова: стратегия, патриотизм, политика, экономика, бизнес.

Kalmagambetova S. R.¹

¹*Baishev University*

NEW POLITICAL COURSE OF THE ESTABLISHED KAZAKHSTAN IS THE MAIN CONDITION OF EFFECTIVE PROSPERITY AND PROGRESS

Abstract

This article discusses the annual Address of the Head of state, aimed at turning a sovereign country into one of the safest, stable, sustainable countries in the world

with a dynamically developing economy. Since Kazakhstan gained independence, the main priority of the state policy is to improve the welfare of citizens.

Key words: *strategy, patriotism, politics, economy, business.*

МРНТИ 06.73.15

Lygina O.I.¹
¹Baishev university

TAX DEFINITION IN THE HISTORICAL EXCURSION

Annotation

Theory and practice matters connected with optimization of tax approaches always raises interest and attracts not only one generation of scientists and practitioners. The epoch of taxation reflects in the researches of economic classicists such as Bukenen G., Bukovetsky A.A., Vitte S.Y., Canes G., Laffer A., Marks K., Mikeladze P.V., Mill G., Mints G., Nitti F., Petti V., Ricardo D., Sey Zh., Sysmondy Zh., Smith A., Stein G., Yanzhul I.I. and others.

Key words: *tax, taxation, history, development, economic system.*

At every stage of society development a concept "tax" is more and more specified, supplemented by new characteristics. This process is carried out simultaneously with development of theoretical views on the state, on main objectives of its functioning, forms of existence and methods of society management. Taxes act as a necessary link of economic relations, and owing to it in all economic theories of past and present authors necessarily consider taxation problems, aspire to define a place of taxes in economic system, their appointment and variants of systems construction of collection taxes. And all of them face with principle question about origin of taxes, reasons and conditions of their occurrence [1].

The first stage of bases of taxes origin is traced in the classical Ancient world (Rome, Athenes, Sparta) where the state represented republic that is literally translated as «public business», business of all citizens.

In the compositions "Laws", Platon (428\427 – 348\347 BC) suggests to establish an unequal property qualification in the state. Posts, distributions and appropriate to everyone honor are considered not only on personal virtue, force and beauty of body, but also on property prosperity or need. An Ancient Greek philosopher Aristotle (384-322 to н.) in his work "Politics" wrote: «... In Lacedaemon everyone is to put payment ...».

In a medieval society taxes can't be still carried to the basic sources of state incomes, for process of their collection high degree of voluntariness and affinity to concept "victim" (that is appreciable even in names of taxes) are characteristic. Thinkers of the Middle Ages mention time and again in their works the importance of

taxation at the device of state affairs. Outstanding philosopher, playwright, political scientist of Renaissance Nikolo Makiavelli Di Bernardo (1469 – 1527) in his work "Sovereign" in chapter III «About mixed states» has reflected the essence of any conqueror –sovereign who imposes on new citizens any duty and burdens them with army [2].

Already at the early stages of economic thought development, tax was considered as no-equivalent payment, i.e. persons who have paid it, didn't receive in exchange from the state any blessings and special rights.

For the state of XVI - and beginning of XVII century class mode was distinctive. At that time the monarchy which yet didn't have regular tax revenues and paying expenses on the maintenance of a court yard, judicial bodies and the state administration basically at the expense of incomes of regalia used financially and own domains was its basic form [3].

The exchange theory is one of the first general tax theories which is based on billable character of the taxation. Through the tax citizens buy in state the protection service from an attack of the outside, and order maintenance, variety of an exchange theory is the atomistic theory in which lies the basis representation about a contractual origin of the state. Representatives of this theory are French educators Sebasten Le Pretr de Voban – «social contract theory» and Charles Lui Montesquieu – theory about "public contract».

In the first part of XIX century the Swiss economist Zh.Simond de Sismondi (1773-1842) in his main work «New beginnings of political economy» (1819) formulates tax theory as pleasure theory. Incomes are distributed between all classes of nation, any of income types shouldn't escape from taxation. Citizens should look at taxes, as at compensation for protection of themselves and their property rendered by the government. He takes pleasure from a public order, justice, maintenance of the person and the property [4].

Special place in individualistic tax occupies classical school - A.Smith, D.Rikardo and their followers which merit consists of in working out a question of the economic nature of the tax. Smith's points of view on tax aren't grouped in system, he doesn't have even a tax definition, but he was the first who investigated the economic nature of the tax with a duality inherent in it. On the one hand, Smith considered that the State expenditure has unproductive character. Material, real view on an economy considering with productive work only that, which is substantiated in the subjects possessing an ability to exchange, such view should become in the hostile relation to the tax which is paying back service of the state, seeing in it a deviation of national resources from the maintenance of productive work, and A.Smith is the father of this view.

On the other hand, it is possible to conclude that the theory about unproductiveness of the state services doesn't prevent Smith to recognize the tax as the fair price for fee to the state.

D.Rikardo, following A.Smith, adheres «to real, material view on an economy», excluding thus the state services from the category of productive expenses. therefore there is an understanding of tax: «There are no taxes which wouldn't brake

accumulation as there is no tax which wouldn't disturb to manufacture. Taxes have the same effect, as infertile soil, bad climate, absence of dexterity or activity, bad distribution of workplaces, loss of machine tools» [5].

Theory of a victim is one of the first theories which contains an idea of compulsory character of tax. The idea of tax as victim we find at physiocrats as a substantiation of the uniform land tax. French economist N.Kanar in the book «Principles of political economy » (1801) develops an idea about victim, brought by an individual in interests of the state at tax payment. Russian economist N.Turgenev, investigating the nature of taxes, also considered them «as donations on the general advantage» [6]. Theory of victim has received the further development in 2nd part of XIX century, having kept the urgency and in the first decades XX century.

Italian financial school develops sights at the nature of the state and its economic role. F.Nitti defines the state as the natural form of social cooperation, and for the person no development without this initial and most important form of cooperation is impossible. Nitti considered that tax is the part of riches which citizens give to the state and local bodies for the sake of satisfaction of collective requirements.

In the Soviet Russia of 20th years the financial science in the name of A.A.Bukovetsky, Andrey Sokolova, P.V.Mikeladze adhered to the theory of collective requirements. A.Sokolov considered the state as the body satisfying collective requirements of the population. P.V.Mikeladze considered that tax policy consists in coordinating and economically rationally satisfying individual and collective requirements.

Theory of collective requirements and tax as a source of their satisfaction, developed and formulated by neoclassics, has been completely accepted by Keynesians and Neokeynesians adjusted for «public requirements» instead of "collective" [5, p.10].

The original system of taxation in the territory of pre-revolutionary Kazakhstan also developed by centuries. Principal views of taxes on the territories of ancient state were zyaket (a ground rent or the twentieth part of cattle), ushur (the tenth part of a crop in agricultural areas), sogym (voluntary gifts to the feudal lord cattle, gathering of the most well-fad cattle intended for an autumn face), khanlyk (the judicial duty at a rate of the one tenth sum of the judicial claim) and others. In Kazakhstan at the beginning taxes were raised in the natural form, then gradually have passed to the monetary form [7].

The elementary, historically earlier form of the taxation were direct taxes, i.e. taxes raised directly from incomes or property of taxpayers.

A number of researchers prove that direct taxes are always coordinated to income of the taxpayer (are raised by means of nominal lists and cadastres), and indirect concern the prices for consumption and are connected only with sale of the goods (as a rule, taxes to the goods and services). Taxes division into direct and indirect has huge value for economy and, despite certain convention of principle of "transposition", it is actively used in taxonomy (a science about classification of difficult objects of the validity) [3, p. 24].

In the conditions of development of market relations, taxation turns to the most powerful regulator of financial and monetary streams at level of national economy and in system of migration of the international capital. The given circumstance also defines active interest of representatives of economic sciences to sphere of tax relations. Changes of theoretical approaches to the taxation aren't narrowed by frameworks only by theory. Theories of taxes directly influence on the development of tax systems and fiscal the politics of almost all developed countries of the world.

There is an author's definition of corporate income tax essence made on the basis of profound studying of taxes theories and taxation evolution characterized as the latest historical form of the direct taxation and the tool of financial and economic relations regulating harmonization of business and state interests.

List of reference links

1. All began with decima: translation from german. / V.E.Lapina's item. M: Progress, 1992, 408 p.
2. Zuykov I.S., Zuykova L.V.philosophical aspects of taxation history //Tax bulletin № 9-11, 1997.
3. Taxes and taxation / Under the editorship of Romanovsky M. V, Vrublevsky O.V.- SPB: Peter, 2000. 528 p.: silt. («Textbooks for high schools»).
4. Jean-Charles-Leonard Simond de Sismondi. New beginnings of political economy or about riches and its relation to the population / transl. under the editorship of A.F.Kon V.I.Lenin. M, Sotsekgiz, 16 type. Trust "Poligraphkniga",1937 г.
5. Pushkarev V.M. Genezis of "tax" category in the history of a financial science//Finance № 6, 1999.
6. Yalbulganov A.A. «Experience of taxes theory» N.I.Turgeneva and development of financial thought in Russia XIX-XX centuries//the Finance № 9, 1998 г
7. Лыгина О.И. Реферат на диссертацию «Корпоративный подоходный налог: методология, механизмы и императивы развития» http://nauka.kz/page.php?page_id=107&lang=1&month_to=12&year_to=2016&page=2413

Лыгина О.И.¹

¹*Баишев университет*

Аннотация

Вопросы теории и практики, связанные с оптимизацией подходов к налогообложению, всегда вызывали интерес и привлекали внимание не одно поколение ученых и практиков. В исследованиях классиков экономической науки Бьюкенена Дж., Буковецкого А.А., Витте С.Ю., Кейнса Дж., Лаффера А., Маркс К., Микеладзе П.В., Милля Дж., Минтца Дж., Нитти Ф., Петти В., Рикардо Д., Сея Ж., Сисмонди Ж., Смита А., Стайна Г., Янжула И.И. и др. именитых ученых отражается эпоха налоговой науки.

Ключевые слова: *налог, налогообложение, история, эволюция, экономическая система.*

Лыгина О.И.¹
¹Баишев университет

Аннотация

Салық салуға оң көзқарастағы теория мен тәжірибемен байланысты мәселелер әрдайым көптеген ғалымдар мен тәжірибе мамандарының қызығушылығын тартқан. Дж. Бьюкенен, А.А. Буковецкий, С.Ю. Витте, Дж. Кейнс, А. Лаффер, К. Маркс, П.В. Микеладзе, Дж. Милль, Дж. Минтц, Ф. Нитти, В. Петти, Д. Рикардо, Ж. Сей, Ж. Сисмонди, А. Смит, Г. Стайн, И.И. Янжул және сол сияқты атаулы ғалымдардың, экономика ғылымы классиктерінің зерттеулерінде салық ғылымының бастауы көрініс табады.

Кілт сөздер: *салық, салық салу, тарих, эволюция, экономикалық жүйе.*

МРНТИ 06.56.45

Сейткалиева Н.Т.¹
¹Баишев университеті

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ЭТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада мемлекеттік қызметшілердің этикасы, олардың адамгершілік құндылықтары мен кәсіби ұстанымдарын сақтауы, қоғамда демократияның оң қалыптасуына ықпал етеді. Мемлекеттік қызметшілердің этикасы кәсіби міндеттерін орындау кезінде моральдық құндылықтарын жүзеге асыруға ықпал етедігі сипатталады.

Кілт сөздер: *Мемлекет, мемлекеттік қызметші, кәсіби этика, этикалық кодекс, стратегия.*

Мемлекеттік қызметшінің этикасы - бұл мемлекеттік қызметшілер мен азаматтар арасындағы, мемлекеттік қызметте басшы мен бағынышты, әріптестердің арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейтін ортақ құндылықтар мен қағидалар жүйесі. Мемлекеттік этика кәсіби міндеттерін орындау кезінде қызметшілердің моральдық құндылықтарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметшінің моральдық нормалары мен жұмыс қағидаттары олардың кәсіби этикасының мәселелеріне назар аударуды күшейтуге әкеп соғады. Мемлекеттік қызмет саласы мемлекеттік қызметшінің кәсіби

этикасының белгілі бір ерекшеліктерін қалыптастырды. Мемлекеттік қызметшінің жеке мінездемесі оның кәсіби этика деңгейіне әсер етеді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту процесі қоғамдағы дағдарысты еңсеру жағдайында болып отыр. Мәселен, азаматтар мемлекеттік құрылымдағы жұмыспен қанағаттанбаған жағдайда, қызметті бағалау, соның салдарынан мемлекеттік қызметшінің этика деңгейі төмендетіліп отырады.

Мемлекеттік қызметтің этикалық құрамдас бөлігі мемлекеттік қызмет қызметінің тиімділігіне үлкен әсер етеді, ал кейбір кезеңде кәсіпқойлық пен құзыреттілікке қарағанда да үлкен.

Этикалық кодекстер адамгершілік бағдар беруге арналған. Олардың мақсаты-адам мемлекеттік қызметте этикалық кодексте аталған барлық қағидаттарды бейнелейтіндігін мақтан тұтуы керек. Бұл мемлекеттік немесе муниципалдық органдарда кәсіби қызметке құқық беретін өзіндік ант.

Мұндай ант бере отырып, мемлекеттік қызметшілер оларда салынған ережелерді бұзу әріптестерінің соттауына немесе қандай да бір санкцияларға әкеп соқтыратынын түсінеді. Осыған байланысты этикалық кодекстерде көзделген нормаларды сақтай отырып, теріс пайдалану мен бұзушылықтар аз болады деп болжауға болады [1].

Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметте дәйекті реформалар нәтижесінде меритократия, тиімділік және қоғамға есеп беру қағидаттарына негізделген бірегей үлгі жасалды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметші мәртебесі заңмен белгіленді.

1997 жылы Президент еліміздің мемлекеттік қызмет жүйесіндегі реформалардың бірі «Қазақстан – 2030» стратегиясы ұзақ мерзімді бағдарламасын жариялады. Онда ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі ретінде іске берілген және басым мақсаттарға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті мемлекеттік қызметшілердің тиімді және қазіргі заманғы корпусын құру жарияланған болатын.

Бұл институционалдық реформалар жүргізуді талап етті. Мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай саясатты іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында 1998 жылы уәкілетті орган – Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін орган ретінде Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік құрылды.

Оған мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру, оларды оқытуды қамтамасыз ету және осы саладағы заңнаманың сақталуын бақылау жүктелген.

1999 жылы мемлекеттік қызметшілердің одан әрі дамуын анықтаған «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң қабылданды.

2005 жылы мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқына қойылатын талаптарды кеңейтетін Ар-намыс кодексі бекітілді. Осы сәттен бастап қызметшілер тек жоғары талаптарды сақтауға ғана емес, сонымен қатар басқа қызметкерлер тарапынан этика нормаларын бұзудың жолын кесуге тиіс болатын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттары орнатылды,

киім стиліне талаптар бекітілді, қызметкерлердің діни және қоғамдық бірлестіктерге қатысу мәселелері реттелді.

2012 жылы ел Президенті «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында халыққа және мемлекетке қызмет ету бәрінен жоғары кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыру міндетін қойды [2].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы қағидалары)» бекітілді.

Аталған кодексте мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық - этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғамда мемлекеттік қызметші өзінің барлық күштерін, білімі мен тәжірибесін жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, қоғам мен өз Отаны - Қазақстан Республикасына әділ және адал қызмет етеді деп есептейді.

Бұл кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметтегі өзара қарым-қатынастардың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепке сай емес мінез-құлқының алдын алуға бағытталған [3].

Сонымен қатар, мемлекеттік аппаратты жаңғырту жалғасуда. Одан әрі бағдарлар «Қазақстан – 2050» стратегиясы мен «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында белгіленген.

Мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы оның қызметінде маңызды рөл атқарады, өйткені оның іс-әрекеттері, сонымен қатар қызметкерлермен, азаматтармен қарым-қатынасқа әсер етеді. Қызметші әріптестермен және азаматтармен қалай әрекет ететініне жалпы мемлекеттің имиджі тәуелді болады.

Мемлекеттік қызметшінің қабілеті – басқарушылық қызметті табысты жүзеге асырудың субъективті жағдайлары болып табылады. Бұл ерекшеліктер компенсаторлық механизм ретінде көрінуіне мүмкіндік беретін кешенді құрылымға ие. Соның арқасында, басқарушылық қызметте басқалардың жеткіліксіз дамуын өте айқын көрсете алатын қабілеттерді өтеуге болады. Қызметкерлердің сапасы мен қабілеті өзара тығыз байланысты, оларды кейде бөлу мүмкін емес, мемлекеттік қызметшінің сапасы басқарушылық қызмет процесінде оның қабілеттерін іске асыру нәтижесі болып табылады.

ҚР мемлекеттік қызметшілерінің этикалық кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) ҚР Конституциясына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», 2015 жылғы 23 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының базалық стандарттарын белгілейді.

Бүгінгі таңда елімізде әлемдік тәжірибеге қол жеткізуді және

Мемлекеттік басқарудың отандық жүйесінің ерекшелігін үйлестіретін мемлекеттік қызметтің жеке моделі құрылды.

Кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бірінші бағыты шеңберінде жүргізілген реформа ашық бәсекелестік және іріктеудің ашықтығы қағидаттарында мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырды.

Енді мемлекеттік қызметке кіру төменгі лауазымнан басталады, ал қызметшілер құзыреттер мен кәсіби даярлық негізінде алға жылжуда.

Бүгінгі таңда реформаны іске асыру сәтінен бастап мансабын бастапқы сатыдан бастаған тұлғалардың үш есе өсуі байқалады (2 569-дан 7 862-ге дейін). Бір бос орынға үміткерлердің саны екі есеге өсті. Мемлекеттік органдардың ішінде мансаптық ілгерілетуге жағдай жасалған. Мұндай тәсілді енгізумен ішкі конкурстар институты арқылы қызмет бабында дамыған мемлекеттік қызметшілердің саны 4 есе дерлік өсті (1 348-ден 5 186-ға дейін).

Аталған шаралар тек қана еңбегі бойынша алға жылжу мүмкіндігіне деген сенімді нығайтты. Әлеуметтік сауалнама нәтижесіне сәйкес халықтың 77% - дан астамы кадр шешімдерін қабылдау кезінде меритократия қағидатын сақтауды көрсетті [4].

Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатының арқасында тарихи өлшем бойынша қысқа уақыт ішінде елдің мемлекеттік қызметі қалыптасудың үлкен жолынан өтті.

Бүгінгі таңда Қазақстан «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімді стратегиясының өршіл мақсаттарына қадам басты. Бұл ретте, қарқынды өзгерістермен сипатталатын жаңа жаһандық сын-қатерлер осы міндетке ерекше өзектілік береді.

Мемлекеттік қызметшінің бірінші қағидаты-рұқсат етілген шеңберінде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыру болып табылады. Екінші принцип лауазымдық міндеттерін адал атқаруға кедергі келтіретін жеке және өзге де мүдделердің әсерін болдырмау болып табылады.

Мемлекеттік қызметші - ұлт пен мемлекеттің айнасы деп айтуға болады, ол мемлекеттің тиімді қызмет етуінің кепілі. Мемлекеттік қызметшілердің этикасы, олардың адамгершілік құндылықтарын, кәсіби ұстанымдарын сақтауы мемлекеттік қызметшілердің аппараттық ашықтығы мен жұмысын жақсарта отырып, қоғамда демократияның оң қалыптасуына ықпал етеді. Моральдық реттеу — бұл мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметін құқықтық реттеуді толықтыру. Ал мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасы адамдардың кәсіби қызметі саласындағы мінез-құлқында адамгершілік бағдарлардың болуын, оның дамуы мен жетілдірілуіне ықпал етеді.

Қазіргі жағдайда тиімді мемлекеттік кадр саясаты барлық салаларда мемлекеттің қайта құру қызметінің қуатты құралына айналуы тиіс.

Заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және оны үнемі жетілдіру Қазақстанның одан әрі тұрақты және үдемелі дамуының шешуші факторларының бірі, сондай-ақ оның жаһандық сын-қатерлерге жауап болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гериханов С. С. Особенности этики государственного служащего [Текст] // Актуальные проблемы права: материалы V Междунар. науч. конф. (г. Москва, декабрь 2016 г.). — М.: Буки-Веди, 2016. — с. 34-37.
2. Национальный доклад о состоянии государственной службы в Республике Казахстан. <http://kyzmet.gov.kz/>. 13.04.2018
3. Каденова С.А. Этика государственного служащего. <https://www.zakon.kz/> 27 июня 2018
4. Архипова Н.И. Этика государственных служащих Вестник РГГУ. серия «Экономика. Управление. Право», 2017.-с. 157-162.

Сейткалиева Н.Т.¹
¹Баишев университети

ОСОБЕННОСТИ ЭТИКИ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО**Аннотация**

В статье рассматриваются этика государственных служащих, соблюдение их нравственных ценностей и профессиональных принципов, способствующие положительному формированию демократии в обществе. Этика государственных служащих характеризуется способностью реализации моральных ценностей при исполнении профессиональных обязанностей.

Ключевые слова: *Государство, государственный служащий, профессиональная этика, этический кодекс, стратегия.*

Seitkaliyeva N.T.¹
¹Baishev University

FEATURES OF ETHICS FOR PUBLIC SERVANT**Abstract**

The article deals with the ethics of civil servants, compliance with their moral values and professional principles that contribute to the positive formation of democracy in society. Ethics of civil servants is characterized by the ability to implement moral values in the performance of professional duties.

Key words: *State, civil servant, professional ethics, code of ethics, strategy.*

МРНТИ 06.52.13

Умирханқызы З.¹, Шукурова Б.М.¹
¹Баишев Университет

АЙМАҚТЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада Ақтөбе облысының инвестициялық ахуалының қазіргі жағдайы және облыс аумағында жүзеге асырылған инвестициялық бағдарламалар аясында атқарылып жатырған жұмыстар, жаңа ашылған өндіріс орындары мен жаңа шығарылған өнімдер туралы сөз болады.

Кілт сөздер: *инвестиция, инновация, несие, кластер, корпорация.*

Қазіргі әлемдегі экономикалық өзгерістердің басты аспектісі ұлттық шаруашылықты құрылымдық қайта құру болып табылады. Шаруашылық жүргізудің қазіргі нарықтық жағдайларында тек жекелеген ел ғана емес, тұтастай алғанда әлемдік экономиканы дамытудың басым бағыты инвестициялық тартымдылықты арттыру болып табылады. Әлемдегі бірде-бір экономика дамуға арналған күрделі салымсыз бола алмайды: тіпті әлемдік ауқымдағы державалар өзін және өз активтерін мемлекеттердің жеке секторы сияқты, сондай-ақ бизнестің тұрақты дамуын белгілеу үшін қосымша қаржыландыру көздерін қажет ететін қажетті қаржылық қолдаумен дербес қамтамасыз ете алмайды. Кез келген ел экономикасының табыстылығы, өркендеуі көп жағдайда инвестицияларға байланысты, ал дәлірек айтқанда, олардың бағыттылығы мен көлемдеріне, өндірістің технологиялық, ұйымдық-экономикалық, техникалық жаңартылуын қамтамасыз етуге байланысты. Жиі, инвестициялық тартымдылықты зерттеу кезінде талдау жобаның тиімділігінің, рентабельділігінің, табыстылығының, өтелімділігінің және пайдалылығының базалық көрсеткіштеріне негізделеді. Өңірді зерттеу кезінде деректердің кең ауқымын талдау қажет. Мысалы, өңірде несиелендірудің қол жетімділік деңгейі, оның әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері (көп факторлы болжамдау үшін өте маңызды), криминогендік жағдай және т. б. бағаланады. Әдетте, талдау басталар алдында факторлар шеңберін нақты инвестициялық жобаға, инвестордың тілегіне, өңірдің ерекшелігіне (ресурстық-шикізат, өндірістік, тұтыну, зияткерлік, инновациялық факторлар және т.б.) жататын факторларды бөліп көрсете отырып шектейді. Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде жүзеге асырылатын экономикалық реформалардың негізгі бағыты елде қолайлы инвестициялық климат құру және үдемелі индустриалды-инновациялық даму арқылы тиімді экономика мен экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша мемлекет саясатын әзірлеу және жүзеге асыру болып қалыптасуда.

Кәсіпкерлікті қолдау Картасы аясында Ақтөбе облысында құны 6 миллиард теңге болатын жобалар іске қосылды.

Оның ішінде үй құрылыс комбинаты, мұнай өңдеу зауыты, пигментті және магнезиальді ұнтақ шығару өндірісі бар.

Ақтөбе қаласында көлік-логистикалық орталығы мен құрылыс материалдарының гипермаркеті, ет консервілерін дайындау цехы, Алға ауданында құс сою цехы іске қосылды.

«Индустриялық бағдарламаның дамуы бойынша ең алдыңғы шепте Ақтөбе облысы келе жатыр». Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақтөбе өңіріндегі іссапар қорытындысында осылай деп жоғары баға берген болатын. Расында, билік өкілдері стратегиялық маңызы зор бесжылдық бағдарламаны жүзеге асыруда абыройлы еңбек етіп жатыр.

«Ақтөбе» индустриалды аймағының территориясында ескі доңғалақтарды қайта өңдейтін және қауіпсіз жабынды шығаратын зауыт салынды. Жыл соңына дейін тағы төрт жоба іске қосылып, 8 жобаның құрылыс-монаж жұмысы басталады», - делінген хабарламада.

2017 жылы 380 миллиард теңге инвестиция тарту және игеру жоспарланды. ҮИИДБ екінші бесжылдығы аясында 2019 жылға дейін құны 260 миллиард теңге болатын жаңа 20 жобаны іске асыру, 6 мың жұмыс орнын ашу жоспарға енді.

Оның ішінде биыл 6 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланды[1].

«Нұрлы жер» бағдарламасының шеңберінде 2018 жылы Ақтөбе облысында 24,4 мың шар.м. тұрғын үйлер пайдалануға беріледі. Бұл туралы Премьер-министрдің бірінші орынбасары А.Маминнің өңірдегі жұмыс сапарының барысында «Бәйтерек девелопмент» АҚ Басқарма Төрағасы Мурат Худайбергенов хабарлады.

«Ақтөбе облысында 2016-2018 жылдары 24,4 мың шар.м. тұрғын үй немесе 416 пәтердің құрылысы қаржыланатын болады. Олардың ішінде былтыр сомасы 2,2 млрд теңге 15 мың шарш.м. тұрғын үй (236 пәтер) берілді. 2017 жылы пайдалануға тағы да 9.4 мың шар.м. (180 пәтер) берілді. «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде Ақтөбе облысы бойынша 3,5 млрд. теңгені құрайды, соның ішінде 2,2. млрд теңге 2016 жылы игерілді», – деп атап өтті М.Худайбергенов.

2016 жылы несиелік баспана салу үшін «Бәйтерек девелопмент» АҚ Ақтөбе облысы әкімшілігінен сомасы 4.5 млрд теңге облигация сатып алды.

Сонымен қатар, «Бәйтерек девелопмент» АҚ қосымша жергілікті әкімшілік органдарынан облигация сатып алу арқылы 2018-2019 жылдарға несиелік құрылысты қаржылындыратын болады. Ақтөбе облысы әкімшілігінің ақпараты бойынша, 2018-2019 жылдары өңірде 231 мың шар.м. аумақта (3375 пәтер) тұрғын үй құрылысын салуға дайын.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге сыру үшін 2018 жылыға дейін «Бәйтерек девелопмент» АҚ-мен республика бойынша 95,6 млрд теңге 588,7 мың шар.м. баспана салу үшін бөлінді. 2017 жылдың алты айында 240,4 мың шар.м. тұрғын үй Қызылорда, Жамбыл, Павлодар, Шығыс-

Қазақстан, Атырау, Маңғыстау және Батыс-Қазақстан облыстарында берілді. Ал Оңтүстік-Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстарындағы салынып жатқан нысандар аяқталу кезеңінде. Жыл аяғына дейін жоспарлы көрсеткіштерге жетеміз. Бұл дегеніңіз, жарты жылдан кейін 6570 отбасы мемлекеттік бағдарлама бойынша жаңа пәтерлер алады деген сөз.

«Бәйтерек девелопмент» АҚ — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымы — «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының несие және жалға алу құрылысын қаржыландыру бағаты бойынша операторлардың бірі болып табылады [2].

Облыстың азық-түлік белдеуін құру мақсатында қолға алынған «Izeet Green House» жылыжай кешені өңірлік индустрияландыру картасына кірген. Облыстағы ірі құрылыстың бірі саналатын жылыжайда (жалпы көлемі — 3 гектар) голланд технологиясы бойынша қызанақ өсіру жоспарланып отыр. Өндірісте голландық “Dalsem” фирмасының құрал-жабдығы пайдаланылады. Кешен іске қосылса, жылына 1500 тонна көкөніс өндіріледі. Кешен құрылысы “Қазагроқаржы” АҚ қолдауымен жүзеге асырылып жатыр. Жобалық-сметалық құны — 1230,0 млн. теңге. Жобаны жүзеге асыруда “Қазагроқаржы” АҚ арқылы 994,9 млн. теңге бөлінген

"Батыс" Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы металлургия, химиялық өнеркәсіп, машина жасау, энергетика, құрылыс индустриясы, ауыл шаруашылығы, ауылшаруашылығының өнімдерін өңдеу, сонымен қатар сауда сияқты салаларға қатысты жобаларды жүзеге асыруға қатысады деп жоспарлануда. Жобалар "жалпы жүйелі сипаттағы аймақтық проблемаларды шешуге - аймақтың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, Ақтөбе қаласында индустриялық аймақ құруға бағытталған",- деп атап көрсетті баспасөз қызметіндегілер. Атап айтқанда, Ақтөбе қаласында индустриялық аймақ құру барысында "Батыс" Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге, инфрақұрылым нысандарын салуға және пайдалануға қатысады. Сонымен қатар, әкімшіліктегілердің хабарлауынша, "Батыс" Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Қандыағаш қаласында газ турбиналық электр станциясын салуға, цемент және вагон жасау зауытын салуға қатысады. "Батыс" Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Ақтөбе облысында өткен жылдың төртінші тоқсанында мемлекеттік және жеке секторларды консолидациялау жолымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына көмек көрсету мақсатында құрылған болатын. Әкімшіліктің ақпаратына сәйкес, "Батыс" Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы аз уақыт ішінде 100-ден астам инвестициялық жобаларды қарастырып үлгерген. Ақтөбе. 19-ақпан.2018ж "Қазақстан Бүгін" - "Батыс" [3].

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 2017 жылдың қорытындылары облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың төрағалығымен өткен жиында шығарылды.

Облыста өткен жылы 792,3 мың шаршы метр тұрғын үй (6602 пәтер) пайдалануға берілді, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 28,5%-ға көп. Өсім «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын қарқынды жүзеге асыру нәтижесінде қамтамасыз етілді.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұртас Сейітов баяндағандай, есепті кезеңде 157 миллиард теңгенің құрылыс жұмыстары орындалды, оның ішінде тұрғын үй құрылысына инвестицияның үлесі 61 миллиард теңге құрады.

Бұдан басқа, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында іске қосылған құрылыстар мен ғимараттарды есептемегенде, 14 жаңа мектеп, 8 денсаулық сақтау, 7 мәдениет және спорт нысандары пайдалануға берілді.

«Тұрғын үй құрылысы біздің облысымыз үшін рекордтық деңгейге жетті. Бұл Мемлекеттің, Президенттің, Үкіметтің қолдауы, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижесінде болып отыр. Біз бұл жұмыстарды жалғастыруымыз керек», — деп атап өтті облыс әкімі.

Облыс басшысы ағымдағы жылы құрылыс жұмыстарының нақты көлемі индексін 177 миллиард теңгеге дейін ұлғайту, құрылыс материалдарын өндіруші-кәсіпорындарды дамыту есебінен құрылыс кластерінің тиімділігін арттыру, құрылыстың жоғары сапасын қамтамасыз ету міндетін алға қойды.

Аудандар мен Ақтөбе қаласының әкімдеріне 870 мың шаршы метрден кем болмайтын тұрғын үйді пайдалануға беру үшін түбегейлі шаралар қабылдау, сондай-ақ бөлінген қаржыны игеру мен құрылыстарды дер кезінде пайдалануға беруді қатаң бақылауда ұстау тапсырылды.

Қалалық және селолық инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту туралы облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Дастан Аманов есеп берді.

Басқарманың деректері бойынша 2017 жылы облыста 5 село газ желісіне қосылды, бүгінгі күні табиғи газбен облыс тұрғындарының 88 пайызы қамтамасыз етілді. 2018-2019 жылдары 6,75 миллиард теңгеге газбен жабдықтаудың 19 жобасын жүзеге асыру жоспарлануда, соның нәтижесінде табиғи газ он екі селоның 8 мың тұрғыны игілігіне берілетін болады.

«Нұрлы жол» және «Өңірлерді 2020 жылға дейін дамыту» бағдарламалары аясында сумен жабдықтау желілерінің тозуы 3 пайызға төмендеп (38,3%-дан 35,3%-ға дейін), ал тұрғындардың орталықтандырылған сумен жабдықталуы қамтамасыз етілуі 90,6%-дан 92,6%-ға дейін ұлғайды. Сондай-ақ есепті кезеңде электр берілісі желілерінің 972 километрден астам бөлігі жөндеуден өтті.

«Бұл сектордағы біздің басты міндетіміз — тұрғындарды коммуналдық қызметтермен дер кезінде қамтамасыз ету. Облыс орталығында тұрғындармен кездесу барысында қалалықтардың арыз-шағымдарының біраз бөлігі су мен электрдің дер кезінде және сапалы берілуіне қатысты. Жабдықтаушы ұйымдар бұған назар аударуы және өз жұмыстарындағы кемшіліктерді жоюға байланысты шаралар қабылдап, тұрғындардың шағымдарына уақытылы көңіл бөлуі тиіс», — деп атап көрсетті облыс басшысы.

Бердібек Сапарбаев жиын қорытындысында мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасынан және басқа өкілетті мемлекеттік органдардан ұзақ мерзімге созылған құрылыстар проблемасын шешуді, жобалау-сметалық құжаттамаларын жасау мен бекіту мерзімдерін оңтайландыруды, құрылыста

типтік жобаларды кеңінен пайдаланып, жаңа ғимараттардың сәулеттік келбетіне, қасбетінің түстік көркемделуіне, заманауи жөндеу материалдарын пайдалануға тиісінше көңіл бөлуді талап етті [4].

Соңғы бес жылда Ақтөбе облысының негізгі капиталына инвестиция 12,6 млрд АҚШ долларын құрады, оның 36% тікелей шетелдік салымдар үлесіне тиесілі. Осы кезеңде аймақ аталған көрсеткіш бойынша республикада екінші орын алуда.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ақтөбе облысында биыл 380 млрд теңге инвестиция тарту көзделген. ҚР ИИДМБ. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http:// www.strategy2050.kz](http://www.strategy2050.kz)».
2. "Бәйтерек" холдингі "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы бойынша тұрғын үй құрылысы барысын қатаң бақылайды. [Электронный ресурс].-Режим доступа: [http:// baiterekdevelopment.kz](http://baiterekdevelopment.kz) от 12.08.2017ж
3. "Батыс" ӘКК Ақтөбе облысында 5 млрд АҚШ долларына инвестициялық жобаларды айқындады// Қазақстан Сегодня" ақпараттық агенттігі.19.02.2008ж.[Электронный ресурс].- Режим доступа: [https:// kaz.caravan.kz](https://kaz.caravan.kz)
4. «Облыс әкімі Б.М. Сапарбаевтың «2017жылдағы әлеуметтік – экономикалық даму қортындысы және 2018 жылға арналған міндеттері туралы» тезистері//Актюбинский вестник, №17,9 ақпан 2018. – С.1-8.

Умирханьзы З.¹, Шукурова Б.М.¹
¹Баишев Университет

ИНВЕСТИЦИОННЫЙ КЛИМАТ РЕГИОНА И МЕХАНИЗМЫ ЕГО РЕАЛИЗАЦИИ

Аннотация

